Каз.Т
85.94-4(5Каз)
Т22



# Иран Сал әндері

Ф. № 9

# ФОРМУЛЯР КНИГИ

24.08.17 – 54301

14.02.19 – 59082

Қаз. Т
85.94-4 (5Қаз)
Т 22

*Тасқара Иран Тасқараұлы*

# ИРАН САЛ ӘНДЕРІ

517875

М. Жұмабаев атындағы
Ақмола облыстық әмбебап
ғылыми кітапханасы
Акмолинская областная
универсальная научная библиотека
им. М. Жумабаева

*Көкшетау, 2014*

**УДК 784.3**
**ББК 85. 314**
**Т 22**

**Т 22** Тасқараұлы И. «Иран Сал әндері». – Көкшетау «Изотов С.В.» ЖК баспаханасы – 2014. 180 бет.

**ISBN 979-0-803852-61-6**

Бұл кітапқа ақын, әнші, композитор, тау-кен инженері Тасқара Иран Тасқараұлының бір күй шығармасы, 132 ән шығармалары, оның ішінде Иран сөзіне жас композиторлар әнін жазған 12 ән бар, ноталарымен енгізіліп отыр. Қалың қауым Иран Сал деп атап кеткен бұл өнерпаздың шығармалары өзінің дәстүрлі қазақи үнімен, кешегі сал-серілерді жалғаған мәні және сәнімен, алдыңғы толқын, өз замандастары Нұрғисса, Шәмші, Әсет әуендерін жалғастыруымен қызықтырады. Кітап қазіргі кезде айтылып жүрген Иран Сал әндерінің арнасын кеңейтіп, жаңа шығармаларын үйренуге жол ашады.

**УДК 784,3**
**ББК 85. 314**

**ISBN 979-0-803852-61-6**

© Иран Сал Тасқараұлы, 2014

# *Дәстүрлі қазақ әні және оны шығару, орындау туралы өз ойларым*

Бұл мәселе өте күрделі, сала-сала мамандардың, әнсүйер қауымның мұқият зерттеулерін тілейді. Осы мақалада мен қысқаша өзімнің ән орындау, ән шығару, жалпы шығармашылығымды түсіндіріп кеткім келеді. Өйткені, арнап «Иран Салдың әндері» деген кітап шығарғасын бұл ұсынысым орынды шығар.

Мен 10 жасымнан бастап домбыра үйреніп, ән айта бастадым. Әкем Тасқара Смағұлұлы домбыраны әдемі шертіп, көркейтіп ән салатын, шешем Бәтима Әбдірахманқызы Омбы облысындағы бұрынғы Қожа ауылының атақты әншісі болатын. Ол кезде, соғыстан кейінгі 49-50 жылдары, теледидар, магнитофон деген жоқ, радиоқабылдағыш та жоқтың қасы, жұрттың құмартып тыңдайтыны патефон еді. Қожа елі анамыз «Бәтәпаны» (Батиманы бәрі осылай атайтын) ешбір тойдан қалдырмай ән шырқататын, сонда айтатыны: «Қарағым, рахмет, дауысың патефоннан аумайды екен». Әттең, анам 35 жыл ғана өмір сүріп дүниеден ерте өтті. Бәтәпамнан үйреніп алған халық әні «Сұржекейді» осы күнге дейін сүйіп орындаймын. Әкем Тасқарадан алып қалғаным әдемі домбыра шертісі, Бейімбет Майлиннің сөзіне шығарылған ән «Ғашықтық», әнді осы күні мен шығарды деп жазылып жүр. Менің болашақ шығармашылығыма бала кезімде зор әсер еткен әкемнің ағасы Балмұханбет Смағұлұлы («Балмыш ата») екенін баса айту керек. Ол кісі Көкше өңіріндегі атақты үш күйшінің бірі болыпты. Бір тойда Балмыш атамыз қайталамай 72 күй тартыпты. Атамыз артына талай шығарған сарындарын тастап кетіп еді, ол кезде оларды жазып алатын құрал жоқ, мен болса жас бала, соңына еріп жүріп, таң-тамаша қалудан басқа амалым болмады. Осы күні домбыраны күйлеп тартып кеткен кезде, сол атамның қағыстары, әуендері еске түскендей шалқып кететін кезім жиі кездеседі.

Атамның аруағының қолдауы шығар, жинағымда «Сарбұлақ» деген шығарған күйім де бар. Қазақ әнін күйлеп, домбыраға қосу үлкен өнер. Әуелі әнді бастау үшін домбыраға сарынын тартып алып, желпіну керек, содан кейін «Әу» басталады. Осы күні қазақ гитарамен де ән шырқап әуестеніп жүр, бірақ менің айтарым, гитараны әнге қосқанда негізгі аккордтар аркау болса, домбыраның сол аккордтарды да пайдалана отырып шертіс, күйшілік тартыстарды алмастыруы гитараны басып озып, қазақтың әніне ғажап қайталанбас

ұлттық дәстүр, бояу береді. Ұлан ғайыр қазақтың даласының әр түпкіріндегі әуендер де әртүрлі. Шығыстың, Жетісудың, Қызылорданың, Батыстың, Оңтүстіктің ырғақтары сол өлкенің жұртына тән, басқа қағыста, өз иірімдерімен ерекшеленіп тұрады. Бұрын, жас кезімде талай ән байқауларына қатысқанда, басқа жерден келген орындаушылар мен салған Арқаның ырғақтарын қызығып тыңдап, таң қалатын. Арқа әндерінің үлгісін кешегі Біржан Сал, Ақан Сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Ғазиз, Мәди тағы басқалар салып кеткен.

Мен де сол қазақ әнінің бір саласы, шоқтығы биік Арқа әндерін жалғап келе жатқан бір перзентпін. Мамандығым кенші инженер болып, Жезқазған мыс өңірінде, Көкшетаудағы алтын-тау комбинатында мамандығым бойынша қоғам қызметтерін атқарып, 1994 жылы зейнеткерлікке шықтым. Қай жерде, қай қызметте болсам да мен он жасымнан бастаған ән – жырымды тастамадым. Студенттер, кеншілер арасында, Қазақстанның талай елді – мекендерінде ән мерекесін құрдым. 1988 жылы бұрынғы Одақ кезінде Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы көрмесінде, Украинаның Запорожье қаласындағы достық концертінде қазақша, украинша, орысша ән шығарып шырқадым. Жас кезімнен Жезқазған бастап беріп, Көкшетау қостаған, қазақтың ұлы ақындары Ғафу Қайырбеков, Кәкімбек Салықов, Көкен Шәкеев атаған Иран Сал деген есімімді әннің туы қып ұстап қалсам арманым жоқ.

Оқырманға ұсынып отырған кітабымда жүз отыздан астам жуық шығармам бар. Өзімнің жоғары музыкалық білімім болмаса да, кітапта әндер ноталармен берілген, үйренуге оңай. Көп әндер қазақтың белгілі ақындары: Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұқағали Мақатаев, Ғафу Қайырбеков, Кәкімбек Салықов тағы басқалардың сөздеріне жазылған. Өз сөздеріме, жергілікті ақындардың сөздеріне де шығарылған әндер көптеп кездеседі. Өз сөздеріне әндер шығару бұл кешегі сал – серілер үлгі - өнегесі. Ән мәтінін жазатын ақынды орысша «поэт-песенник» деп атап жүр. Осыған орай айтатыным: «Мені үлкен поэзияға ән жетеледі». Айналайын халқым, мені Иран Сал – ақын, әнші, композитор дегеніне, мың да бір алғысым, әрқашан халық деген құдіреттің алдында басымды ием.

Осы күні еліміздің белгілі әншілері менің әндерімді шырқап жүр. Алматы консерваториясының профессоры, республикаға еңбек сіңірген әртіс Еркін Шүкіманов – «Кербез Көкше», Республиканың

еңбек сіңірген әртісі Қапаш Құлышева – «Елге бар», «Жезкиік», халық әртісі Қайрат Байбосынов – Мағжанның сөзіне жазған «Сағыныш», Астана филормониясының әншісі Сыздықов – Сәкен Сейфуллиннің сөзіне жазылған «Сағындым», Республикаға еңбек сіңірген әртіс Ермек Әбілдаев – Кәкімбек Салықовтың сөзіне шығарған ән «Бөркің-ай», Алматы консерваториясының түлегі Хасенов Сәрсенбай – «Мұсаның әні», «Кербез Көкше», Республикаға еңбек сіңірген әртістер Ғазиза Жұмекенова – Ғафу Қайырбековтың сөзіне жазған ән «Ана тілі», Бисара Макенова – «Елге бар», мәдениет қызметкері Гүлжан Ахметова – Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазған ән «Аңса жаным», «Жезкиік», «Семсері қазақ мұқалмас» - Жанат Есов орындайтын әндерім және тағы басқалар. Ақмола облысындағы филормония әртістері, облыстық балалар шығармашылық орталығының ұжымы талай әндерімді репертуарына кіргізді. Менің сөзіме жазған Ерлан Ташевтың «Жаса, Көкшетау» әні қала әнұраны іспеттес болып кетті. 2000 жылы Алматыда өткен «Жаңа ғасырға – жаңа ән» атты республикалық байқауында Кәкімбек Салықовтың сөзіне жазған «Бөркің-ай» әні жүлделі орынды жеңіп алды. 2009 жылы қараша айында Астананың «Конгресс-Холл» концерттік залында Біржан Салдың 175 жылдығына арналған жеке концертім үлкен жетістікпен өтті. Көп әндерім шырқалды. Соның ішінде жаңа шыққан «Қорғалжын» әні. Мағжан Жұмабаевтың сөзіне шығарылған «Сүй, жан Сәулем» әні; Сәкен Сейфуллиннің сөзіне жазған «Сағындым» әні жиналған жұрттың қызу қолдауын тапты. Осы кітаптағы әндердің басым көбі еліміздің тәуелсіздік алған 20 жылында шықты.

Ұлттың болашағы тілінің дамуында десек, осы қағидаға ұлтымыздың ән өнерін, ұлттық музыканы дамытуды қосу керек. Әзірше, бұған біздің қазіргі қоғам дұрыс көңіл бөліп отырған жоқ деуге болады. Барлық теледидарлардың, радионың бағдарламаларында шетел музыкасына еліктеу, жағыну етек алған, қазақ музыкасын насихаттауда ұрандау, өмірден алшақ жасанды ойнақылық ұлт жастарына өмірге дұрыс бағыт бере алмайды. Ертеде қазақ өнерпаздарының жалғыз-ақ шығарған әні ешбір құралсыз халыққа тарап, ұлттың рухани дамуының деңгейіне қалай айналған? Мысалы, Шашубайдың әні «Аққайың», Сейтжансалдың әні «Қанатталды», тағы басқа әндер. Осыдан біз үлгі алу керек. Қазақ қоғамы ұлттың тағдырын терең ойласа, ел таланттарын іздеп, тауып, оларды қолдап, жетістіктерін насихаттап отыру керек.

Болашақ қазақ ұлтының рухани денгейін әлем алдында көтеретін ұлттық опералар, оперетталар, қазақ әндерін дамытудан туады. Біз осы күнге дейін қазақ әндерінің көпшілік қорын пайдаланып іске асырдық. Енді профессионалдық музыканттарға ұлттың жаңа әндері керек, оларды көбейтуге біз әлі белсене кіріскен жоқпыз. Кітабым осы мәселені дамытуга көмектессе, мақсатым орындалғаны. Кітабымда толғаулар, термелер де орын алған. Әрбір толғаудың, терменің өзінің әуені болу керек, біз осы күні көп толғау мен термелерді өзіміздің білетін әуенімізге салып соға береміз. Қазақи шығарған көп әуендер вальске айналып кете береді. Бұл өзгерген заманның, уақыттың талабы. Мысалы, өміршең, жастар, бүкіл халық сүйетін Шәмшінің, Нұрғисаның әндері.

Менің кітабымда да вальс типтес әндер баршылық. Олар: «Көкше вальсі (Кербез Көкше)», «Ана тілі», «Аңса жаным», «Жезкиік», «Мектебім», «Әке қуанышы», «Наурыз вальсі», «Ақжары Арқаның», «Көкшеге кел», «Ақсу-Аюлы вальсі» т.б. Мұнда арияға ұқсас әндер де бар: «Жанбота», «Әнасқақ», «Үкілі Ыбырайдың соңғы әні», «Еркін әнші», «Семсері қазақ мұқалмас», «Біржан Сал», «Жетпіс бес» тағы басқалар. Қалай болғанда да, бұл кітабымның әнсүйер қауымға пайдасы тиері сөзсіз. Ұлтымыздың нағыз шынайы әндері көбейіп, композиторлар, орындаушылар табылып жатса игі үстіне игі болар еді.

# Сағыныш

*Әні Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі Мағжан Жұмабаев*

*Асықпай, баяу, толғана*




Соңы
Сә - ле - мім - ді
а - на - ма

*Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,*
*Сарғайдым ғой, сары даламды сағындым.*
*«Қарашығым, құлыным!» - деп зарлаған*
*Алыстағы сорлы анамды сағындым.*

*Алтын күнді, қара жерді сағындым,*
*Жан жолдасым – жүйрік желді сағындым,*
*Асау тайдай еркелетіп өсірген*
*Ағайынды, туған елді сағындым.*

*Ойыны бір құрдастарды сағындым,*
*Тілегі бір жолдастарды сағындым,*
*Келешекке бірге жоспар құрысқан,*
*Сырласатын жан достарды сағындым.*

*Жүрегіме жақын жанды сағындым,*
*Жібек мінез, ақық жарды сағындым,*
*Айрыларда күн шығыстан ағарып,*
*Ақ жібектей шапақ таңды сағындым.*

*Қазағымды, қалың елді сағындым,*
*Сарыарқамды – сайран жерді сағындым,*
*Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті,*
*Арқадағы айдын көлді сағындым.*

*Не көрсем де алаш үшін көргенім,*
*Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!*
*Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,*
*Істей берсін қолдарынан келгенін.*

*Тәңірі ие, өзің алшы панаңа,*
*Тас бауырлар зарға құлақ сала ма?!*
*Баласынан тұтқын болып сарғайған,*
*Кім жеткізер сәлемімді анама?*

# Жұлдызды жүзік, айды алқа қып берейін

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Мағжан Жұмабаев*

*Тебірене, терең сезіммен*






*Келші, көзім, күн бетіңді көрейін,*
*Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.*
*Кел, жұлдызым, жылжып қана жібектей,*
*Жұлдызды – жүзік, айды алқа ғып берейін.*

*Шашың – толқын, жүрегімнің жарына*
*Соғылды да баттым улы зарына.*
*Айнам, саған арнап жырлар жазамын,*
*Қаламымды малып жүрек қанына.*

*Жырларыммен кестелейін орамал,*
*Бүлдіргендей, бөпетайым, бетің бал,*
*Балға талай шыбын қонуға ұмтылар,*
*Ұмтылғанды орамалмен қағып қал.*

*Еркетайым, келсең егер қасыма,*
*Сәулелерден шоқ қадар ем басыңа.*
*Көз жасымнан меруерт тізіп берер ем,*
*Келші, күлмей көзден аққан жасыма.*

*Келші, көзім, Күн нұрына көмейін,*
*Сүйші - өлейін, "неге өлейін?" – демейін!*
*Кел, жұлдызым жылжып қана жібектей,*
*Жұлдызды – жүзік, айды алқа ғып берейін!*

## *Сүй, жан сәулем*

***Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Сөзі: Мағжан Жұмабаев***

***Әндете, сезіммен***



*Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!*
*Жылы, тәтті у тарады қаныма.*
*Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін*
*Патша тағы, бүкіл дүние малына.*

*Құшақтатып нәзік талдай беліңнен,*
*Сүйгіз, сәулем, тәтті балдай тіліңнен,*
*Бой шымырлап талықсиды жүрегім*
*Балқып денем барам еріп деміңнен.*

*Кір қойныма, қыпша белің бұралып,*
*Тарқат шашың жатсын жібек оралып,*
*Жаным! Жаным! Тезірек тисін төске төс,*
*Көз жұмулы, жиі ыстық дем алып...*

*Шашың – қара, денең – ақ бұлт, жүзің – Ай,*
*Тісің – меруерт, көзің – сәулем, құралай.*
*Ләззәт, рахат, бақыт – бәрі қойныңда,*
*Сұрамаймын енді ұжмақ – жақсы жай!*

*Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!*
*Жылы, тәтті у тарады қаныма.*
*Жасағаннан бір–ақ нәрсе тілеймін*
*Өтпесе түн, атпаса екен таңы да*

# Көкше жолы

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*






*Жүріп келем Көкшенің бір жолымен.*
*Көңіл жортып тау жотасы, жонымен.*
*Сол жақ жазық, оңы орман, қыраттар,*
*Суреткер келтіргендей қолымен.*

*Қарағайлар тасты тесіп шыққандай,*
*Үйілген тас әдейі арнап жыққандай.*
*Ерке сезім еркелейді самал боп*
*Табиғаттың тамашасын ұққандай.*

*Шық мөлтілдеп шөпте көздің жасындай,*
*Жылтылдайды күнге гауһар тасындай.*
*Желкесінен төбесіне тұтасқан*
*Қалың ағаш таудың бұйра шашындай.*

*Имантау мен Жыланды тау арасы,*
*Алыс емес бір-бірінен қаласы,*
*Ақбұлақ пен Үлгілі елін атаған*
*Ойлап келем қай қазақтың баласы.*

*Ақбұлақ боп аққан қымыз нәрі ме?*
*Ақ көңілі, ақ сағымы, әлі не?*
*Ақ қолы ма қара қазақ ағамның.*
*Бұлғап тұрған соғып кет деп бәріңе.*

*Әдепті ел боп сен үлгілі болдың ба?*
*Қызы жоқ дер мұндай сұлу хордың да,*
*Жігіттерің қандай маңғаз, өнерпаз*
*Бақыт шалқып кемеріңе толдың ба?!*

*Көкорайға жатқым келді, аунағым,*
*Қыран болып кезсем, шіркін, аймағын.*
*Тіл табыссам құдіретті жеріңмен,*
*Түсінемін тұнық сырдың айғағын.*

# Мен келдім Көкшеге

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*

*Шалқыта, асықпай*




Ақмола облыстық ... ғылыми кітапханасы
Акмолинская областная универсальная научная библиотека им. М. Жумабаева
517875

*Мен келдім сұлу Көкше қаласына,*
*Сексен көл, ну қарағай саласына.*
*Ана боп сен де маған құшағыңды аш,*
*Аңсаған мейірімін баласына.*

*Терегің сыбырласын құлағыма,*
*Ақ қайың жымың қақсын бұлағына.*
*Сұңқарың іліп алып көңіл құсын,*
*Жеткізсін Оқжетпестей тұрағына.*

*Болғанда көлің күміс, жерің алтын,*
*Жайдары азаматың, жүзі жарқын.*
*Кешегі Біржан, Ақан, Үкілі Ыбырай,*
*Көтерген өлең, ән мен жырдың салтын.*

*Қолымда кен қазатын күрегім бар,*
*Ақындық, ән салатын жүрегім бар.*
*Уа, Көкше, асыл мұра ортаңызға*
*Атадан үлгісі бар түлегіңді ал.*

# *Көкше вальсі*

*(Кербез Көкше)*

***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараулы***

**Вальс екпінімен**




Бар - лық ел
Көк - ше - тау деп
сү - йіп е - ді,
сү-
йіп е - ді.
Қайырмасы:
Көр - кем - сің
дай,
шал - қи - сың
ән ша-шу - дай,
Көк - ше-
тау,
А-йыр-та - уым,
И-ман-та - уым,
тау,




*Ежелден кербез Көкше биік едің,*
*Маржанын табиғаттың жиып едің.*
*Сәніңе, ерлігіңе, еңбегіңе әнің сай боп*
*Барлық ел Көкшетау деп сүйіп еді.*

***Қайырмасы:***
*Көркемсің, қалқашымдай,*
*Шалқисың ән шашудай.*
*Көкшетау, Айыртауым,*
*Имантауым, Зеренді тау,*
*Сексен көл сұлу Арқа алқасындай,*
*алқасындай.*

*Жүйткимін айдынымен, құрғағымен,*
*Әнді ерттеп жүйрік-жорға жырға мінем.*
*Қарағай, қайыңменен, шыршаменен қол ұстасып,*
*Билеймін кешкі самал ырғағымен.*

***Қайырмасы:***
*Қопадай айдын көлдің жағасынан,*
*Бұқпадай бүққан таудың сағасынан,*
*Әсем ән тербеледі, толқындайды, ағылады*
*Арқаның сұлу Көкше саласынан.*

***Қайырмасы:***

## Семсері қазақ мұқалмас

***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***

***Жігерлі, шалқыта***



*Кене хан, Кенесары, Кене ерім!*
*Сарыарқа - Отаны ерлік туған жерің,*
*Мәңгі өшпес шамшырағы азаттықтың,*
*Қазақтың қолбасшысы, кемеңгерім.*
*Сыйынып ата-баба аруағына,*
*Мақтанам Кенемдей ер болғанына*
*Ұрпаққа қуат беріп салған ізі,*
*Қол жетті ерлік елдік арманыма.*

***Қайырмасы:***

*Бурабайдай жер болмас,*
*Кенекемдей ер болмас,*
*Ұлттық намыс, азаттық*
*Семсері Кене ақ алмас,*
*Семсері қазақ мұқалмас.*

*Кене хан жортқан жолын жүріп келдім,*
*Ерлік пен елдігіме ән-жыр өрдім.*
*Отаны Кенесары Көкшетаудан*
*Қалың ел қазағыма сәлем бердім.*
*Көкшенің көшесінен Кенесары*
*Шалқиды ерлік, елдік достық әнім,*
*Паш еткен бар ғаламға ер Кенекем*
*Қазақтың батырлығын, намыс арын.*

***Қайырмасы:***

## Біржан Сал

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*




*Ардақты ұлы қазақтың ақын Біржан,*
*Жырмен тербеп үш жүзді әнмен қырған.*
*Ән қалықтап, көгінен жыр сорғалап,*
*Жаралғандай Көкшесі жасын-нұрдан.*

***Қайырмасы:***

*Мұрасы Біржан нәрімсің,*
*Сал-серілік сәнімсің,*
*Шырқалатын мәңгілік,*
*Ұрпаққа ұран - әнімсің.*

*Жыры - жалын, әні - аққу көлімдегі,*
*Жұпар иісті самалым жерімдегі,*
*Асқақ үні қазақтың Біржан салым,*
*Азаматтың үлгісі төрімдегі.*

***Қайырмасы:***

*Өнеріне сал-сері қайран қалдым,*
*Мен де ақын, әнші боп топты жардым.*
*Ұлы Абайдың кешегі досы болған*
*Ұрпағымын ақтангер Біржан салдың.*

***Қайырмасы:***

# Иран сал

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*

*Шаттана, шалқыта*




*Көкшенің ақтангері Иран салмын,*
*Ұрпағы Ақан сері, Біржан салдың,*
*Үкілі Ыбырайдай гәккулетіп,*
*Еліме бақыт тілеп жүрген жанмын.*

*Қаройдың әндеткен кең тынысымын,*
*Ұшқыны кенші қауым үлгі ісінің,*
*Қазақтың жез таңдайлы жез киігі*
*Ардақты Кәкімбектің інісімін.*

*Жүрмеген қамын ойлап құр басының,*
*Елімде жақсы-жайсаң сырласымын,*
*Кездесіп жүздескенде ән-жыр төккен*
*Президент Нұрсұлтанның құрдасымын.*

# Мұсаның әні

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Мұса Асайынов*




*Мен келдім кербез Көкше бауырынан,*
*Сал-сері ақындардың ауылынан.*
*Шабытым найзағайды жұлып алар*
*Көктемнің от жасынды жауынынан.*
*Әнім бар сілкіндірер Алатауды,*
*Үнім бар тебірентер Қаратауды.*
*Балқиды жүректерің көне көзі,*
*Жамбылды көріп қалған шал атаулы.*

***Қайырмасы:***

*Осылай деп сайрады,*
*Мұса ақын жайдары,*
*Сал-серілер ұрпағы,*
*Ән-мен жырдың айдары.*

*Сырым бар Сырдарияға сырға салар,*
*Ойым бар ойыл құмдар мұңдаса алар,*
*Сөзім бар ақсемсердей жасқандырар,*
*Тілім бар барлық ұлтпен тілдесе алар.*
*Жасаған болашаққа батыл адым*
*Мың сәлем жолдап қалды атырабым,*
*Жамбылдың ғасырға жыр зиратына*
*Көкшенің ала келдім топырағын.*

***Қайырмасы:***

*Жыр жолдап жатыр елде сексен көлі,*
*Сарыуыз балапандар өркендеді,*
*Атаның айтып кеткен нақыл сөзін*
*Біздердей жеткіншектер көркемдеді.*
*Көкшетау сал-серілер елі еді деп,*
*Көп ғалым осы өңірдің төлі еді деп,*
*Бір құты Саумалкөлден су әкелдім,*
*Шомылған Шоқан бабам көлі еді деп.*

***Қайырмасы:***

*Аңызы шар тарапты дүрілдеткен,*
*Ғашықтық әні жанды дірілдеткен,*
*Бір уыс боз бетеге ала келдім*
*Құлагер аунақшыған Сырымбеттен*
*Жыр төксем қанат қаққан аққудайын,*
*Үкілі Ыбырай салған гәккудайын,*
*Тойына қарт жыраудың шашу қылып,*
*Көкшенің ала келдім ақ бидайын.*

***Қайырмасы:***

# Сағындым

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Сәкен Сейфуллин*

*Жігерлі, шалқыта*






*Туғалы қапас көрмеген,*
*Көкіректе кектер кернеген.*
*Талпынып құлаш сермеген,*
*Айтайын ішкі сырымды.*
*Қайырымды қалың елі бар,*
*Сарыарқа сары белі бар,*
*Өрісті шалқар көлі бар,*
*Сағындым мен қырымды.*

*Өзенді, көлді жайлаған,*
*Кермеге тұлпар байлаған.*
*Хабарсыз арам ойлардан*
*Сағындым мен ауылымды.*
*Жібектей шашы таралған,*
*Қыпша белі қыналған,*
*Еркесі қырдың бұралған,*
*Сағындым мен сәулемді.*

*Айналып, толғап өсірген,*
*Ақ сүтін беріп кешірген,*
*Тастамайтын есінен,*
*Сағындым ғарып анамды.*

*Мал бағып, шауып, ойнаған,*
*Үйретіп асау, байлаған,*
*Көк жасыл шөбі жайнаған,*
*Сағындым еркін даламды.*

*Қымызы бал шараптай,*
*Жігіті бағлан, манаптай,*
*Тұлпары тарпаң қанатты,*
*Сағындым бейбіт елімді.*
*Таулары биік, қиялы,*
*Орманы шалғын, миялы,*
*Жылқы, қой, сиыр, түйелі,*
*Сағындым Арқа елімді*

## Жүрек сыры

*Сөзі, әні Тасқара Иран Тасқараұлы*

*Шалқыта*





*Жүрегімді жыр тұнған*
*Түсінетін жан бар ма?*
*Сезімімді бұлқынған*
*Өсіретін жан бар ма?*
*Көп шуылдың ішінде*
*Нәр алатын мән бар ма?*
*Кетер ме екен түсінбей*
*Жаны абзал жандар да?!*

*Ақ дастархан-ақ көңіл*
*Бәріңе жайсам жетер ме?!*
*Ниеті қара, ойы жеңіл*
*Былғап та шетін кетер ме?!*
*Жақсылық көп білгенге*
*Жасауға бізге жетер де,*
*Үлгерем деп жүргенде,*
*Қайран, дүние өтер де.*

*Құлазыма, құлама,*
*Көңілім – асқар биігім.*
*Топастан рахым сұрама,*
*Пәлесі болар сыйының.*
*Қызығы мен өмірдің*
*Кешерсің бастан қиынын.*
*Қастығынан тобырдың*
*Сақтар халық ұйымың.*

*Қазақты үлгі көреміз,*
*Сыйына таң қап әдепкі.*
*Қоя алмай бірақ келеміз*
*Көре алмайтын әдетті.*
*Өсекке тез ереміз,*
*Қаярлықты нәр еттік.*
*Сөзге де шешен пәлеміз,*
*Жүрекке жетпей зар еттік.*

*Жаман әдет болды деп,*
*Атадан мен де безем бе?!*
*Кемеріме толдым деп,*
*Баршылықты сезем бе?!*
*Асылықты қояйық,*
*Тимесін шайпау сөз елге.*
*Жат қылықты жояйық*
*Осы бір жақсы кезеңде.*

*Сүрінбе, көңілім, сүрінбе*
*Өмірдің ұзақ жолында.*
*Жыласаң бірде, күлімде,*
*Тілегін жүрек орында.*
*Уа, жігіттер, біліңдер,*
*Тарлығын дүние, молын да.*
*Сыйластық керек тіріңде,*
*Ол адамның қолында.*

# Бөркің-ай

*Әні: Тасқара Иран Тасқарауылы*
*Сөзі: Кәкімбек Салықов*

*Жігерлі, көңілді*




*Тентектің көнші еркіне,*
*Жетейін алған сертіме.*
*Ажарың аппақ аңсатқан,*
*Табайын дәру дертіме*

*Өтеді шапшаң ерке күн,*
*Махаббат мұңын шертемін.*
*Бір сүйгізші, калқатай,*
*Сағынып жетті тентегің.*

*Ғашықтық әнін жалғадым,*
*Сені іздеп қайда бармадым.*
*Қос алмаға қол салу –*
*Жалғанда жалғыз арманым*

**Қайырмасы:**

*Пай, пай, бөркің-ай!*
*Бөркіңнен асқан көркің-ай!*
*Ақ тамағың үлбіреп,*
*Қарақат көзің мөлдіреп,*
*Шиедей ернің елжіреп,*
*Өзіңді көптен аңсаған*
*Жазылар қашан сұм жүрек.*

# Асатовтың нақылы

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Садық Асатов*

*Асықпай, баппен*




*Пәрменсізді құса қылған тағдыр-ай!*
*Түскен жерін отап өтер шалғыдай.*
*Сұлулыққа табынудан таймаңдар*
*Бұл дүниеден өтем десең қалғымай.*

*Төбесінде жүрмін деме жотаның*
*Шартарапқа шықты деме атағың.*
*Бұл өмірдің қызығынан құр қалма,*
*Ертең болар қараңғы жер жатағың.*

*Жазың өтіп ызғары бар қыс келер,*
*Ішкен шарап, сүйген сұлу түске енер.*
*Тіршілікте сауық-сайран құрып қал,*
*Көз жұмғасын құрт-құмырсқа тістелер.*

*Бұл дүниенің кезгенменен асқарын,*
*Көзді жұмсаң төңкерілер аспаның,*
*Сұлу құшып, шәрбатына қанып қал,*
*Оралмайды қайта айналып жас шағың.*

*Тауда құлар, сарқылады теңіз де,*
*Бұл өлімнен құтылу жоқ негізде.*
*Қызықтап қал бойда, қолда барыңмен,*
*Әттеген-ай, өттің дәурен дегізбе.*

*Өлмес пенде бұл жалғанда туған ба?*
*Өмір - түлкі жеткізбейді қуғанға.*
*Кепкен балық су іздемес, жігіттер,*
*Жастық шақтың қызығынан құр қалма.*

*Тәтті болса шекері не, балы не,*
*Әрбір адам қарау керек әліне.*
*Сұңқар болам, тұлпар болам дейсіңдер,*
*Дәрежелік жете бермес бәріңе.*

*Жас дәуреннің аунап бір қал көгіне,*
*Жетем деме мал-мүліктің шегіне.*
*Асыл жарың, алтын күміс жиғаның,*
*Қанша айтсаң да бірге кірмес көріңе.*

*Өтті көп жан қызығына тоя алмай,*
*Бақытты шақ бетке жаққан бояудай.*
*Бір жел тұрса төңірегің тұмандап,*
*Тыпырларсың түлкі ұстаған қояндай.*

*Бұл өмірдің анықтап бас өткелін,*
*Жалын болсаң бірге жүрер көктемің,*
*Балық іздеп бәйтеректің басынан*
*Білмей қалма фәни дүние өткенін.*

*Өмір етер күшті, әлсіздер таласып,*
*Жеңер кімнің бойда тұрса бағы асып.*
*Асатовтың нақыл сөзін бетке ұстап,*
*Кемпіріңнен қалып жүрме адасып.*

# Сағыныш

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Кәкімбек Салықов*

*Шалқыта, жігерлі*




*Тау сұлуы Сырымбетті сағындым,*
*Таңдайым бал татынып.*
*Естен кетпес ерке күнді сағындым,*
*Айлы кештер шақырып.*
*Аққулы өлкем,*
*Гәккулі өлкем,*
*Сексен көлді сағындым.*

*Алтын алқа ауыл шетін сағындым,*
*Ақ қайыңдар өрлеген.*
*Көрші қалқа есіміңді сағындым*
*Көптен айтып көрмеген.*
*Шалқыған әнім,*
*Толқыған күйім,*
*Той-думанды сағындым.*

*Аға, жеңге, бауырласты сағындым,*
*Сайран салып жүретін.*
*Есен жүрген ауылдасты сағындым,*
*Ата, анамды білетін.*
*Кіндікті кескен,*
*Баурында өскен,*
*Жалғыз тауды сағындым*

# Әнасқақ

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*

*Шалқыта, жігерлі*




*Ақындық жүрегіммен от – жалынды,*
*Сүйемін Қазақстан Отанымды.*
*Туған ел, халқым қолдап өнерімді*
*Есімім Иран Сал деп аталынды.*

***Қайырмасы:***

*Сарыарқа – сайран төрім-ай,*
*Кеншілік құрған белім-ай.*
*Сал-серілер мекені*
*Кербез Көкше елім-ай.*

*Арайлап Көкшетауда атқан таңды,*
*Жалғадым сал-серілік асқақ әнді*
*Ұрпаққа жаны сүйген сұлулықты*
*Болғанда Көкше мәңгі,*
*еншіалла, мен де мәңгі.*

***Қайырмасы:***

## Ана тілі

***Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Сөзі: Ғафу Қайырбеков***

***Вальс екпінімен***




*Мейлі шарлап теңіз өттім, тау бастым,*
*Мейлі көктің ақ бұлтына жармастым,*
*Сонда-дағы сен қалмайсың көкейден,*
*Сонда-дағы сені ұмыта алмаспын.*

***Қайырмасы:***

*Ана тілім, күшім менің, қуатым,*
*Жырым сендік жүрегімнен,*
*Жүрегімнен туатын.*
*Тауысар ма ырысыңды, қорыңды*
*Дізелесіп қатар жазса мың ақын!*

*Бар қазақтың орман, көлі, өзені,*
*Тау қиясы, жалпақ, жазық, кезеңі,*
*Сайрап сөйлеп тұрған жоқ па қазақша,*
*Қалай тозар сендік асыл сөз енді!*

***Қайырмасы:***

*Сенде емес пе солардың бар ажары,*
*Орман үні, бұлағының таза әні.*
*Гүл бәйшешек, көкорайдың жұпары,*
*Жақсы қысы, жомарт көктем, жаз айы.*

***Қайырмасы:***

# Мұсылманның әні

Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы
Сөзі: Рахым Бекмурзин

*Шалқыта, тебірене*




*Бастайын бисмилладан сөздің басын,*
*Діні бір бар мұсылман бауырласым.*
*Адамзат біліміне басын иген,*
*Қазағым дін исламнан жаңылмасын.*

*Сенеміз жаратқанның барлығына,*
*Көнеміз әмірі мен жарлығына.*
*Болғанда пайғамбар хақ, құран шындық,*
*Бәрі де бір Алланың жазуында.*

**Қайырмасы:** *Жасай берсін дініміз,*
*Сана-салтым, тіліміз,*
*Жарқырасын әлемге*
*Тәуелсіздік нұрымыз,*
*Бар мұсылман баласы*
*Бір Алланың құлымыз,*
*Бір Құдайдың құлымыз.*

*Сабырлық, тауфиқ берсін патшаларға,*
*Имамдар уағыз айтсын жиналғанға,*
*Байыған биліктегі пендесі Алла*
*Үнемі тарта білсін иманды алға.*

*Бес парыз орындайтын міндетіміз,*
*Адалдық мұсылмандық ниетіміз,*
*Күнәсіз ақ жүректен нұр шашатын,*
*Мұхаммед пайғамбардың үмбетіміз.*

***Қайырмасы:*** *Жасай берсін дініміз,*
*Сана-салтым, тіліміз,*
*Жарқырасын әлемге*
*Тәуелсіздік нұрымыз,*
*Бар мұсылман баласы*
*Бір Алланың құлымыз,*
*Бір Құдайдың құлымыз.*

## Қорғалжын

**_Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы_**

***Шалқыта, сезіммен***




*Қорғалжыным - аты елі, көлінің,*
*Айдын шалқар, теңіз - дәрия, көрігім,*
*Сан құстардың салтанатты базары,*
*Алла қолдап аялаған қорығым.*

***Қайырмасы:***

*Е..ей! Қорғалжын, Қорғалжын!*
*Сені аңсап ән мен жыр боп*
*толғандым.*

*Көл тербеткен сан құстардың ән нуын,*
*Қоқиқазы – фламинго аруын*
*Көз тартатын от-жалындай шалғайдан*
*Жанға қанат бітіретін дәруім*

***Қайырмасы:***

*Көкшетаудай қасиетті елді елеп,*
*Ән шығарған Күмісбеков Кенжебек*
*Мен де жеттім Қорғалжынға әндетіп,*
*Жаны жайсаң өнерпаз боп елгезек.*

***Қайырмасы:***

*Сүйсінгендей жазық дала сәніне,*
*Қорғалжыным айналған жан нәріне,*
*Махаббаттың күйі кернеп кеудемді,*
*Салып келдім Дударайдың әніне.*

***Қайырмасы:***

*Қорғалжыным күн көзімен нұрланды,*
*Әсерлі әнмен көл тербеліп ырғалды.*
*Кер маралдай кербезденген арулар*
*Кім ұмытар Әмина мен Гүлнарды.*

***Қайырмасы:***

# Ақсу-Аюлы вальсі

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Маркус Саринжіп*

*Вальс екпінімен*




*Көз тартар Шет өңірі Арқадағы,*
*Бұғылы - Тағылы тау-өр қамалы,*
*Бөктері қарт Аюлы нуға толы,*
*Тербеген сыңғыры Ақсу сай саланы,*
*сай саланы, сай саланы.*

***Қайырмасы:***

*Жайнай бер, жайнай бер, жерім.*
*Жасай бер, жасай бер, елім.*
*Көруге асықпын,*
*Ұлыңмын ғашықпын бір өзіңе.*

*Сұлу ғой Шеттің төбе, шоқылары,*
*Тал, жидек қолды бұлғап шақырады.*
*Суы бал, мөлдір, таза бұлақтары,*
*Күн көзі күлімдеген атырабы,*
*атырабы, атырабы.*

***Қайырмасы:***

*Елім бай, еңбек сүйгіш адамдарым,*
*Шықты ғой Еңбек ері, талай дарын.*
*Арнадым ұрпағы боп туған елге*
*Еңбек пен жырдың сәтті қадамдарын.*
*қадамдарын, қадамдарын*

***Қайырмасы:***

## Ерейментау

***Әндете, шалқыта*** — ***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***




*Айналған қазағымның еркесіне,*
*Қыратты, самал таудың өркешіне,*
*Ерлігі, серілігі аңыз болған*
*Асықтым Ерейментау өлкесіне.*

*Ереймен – Сарыарқаның саңлағы,*
*Отаны қарт Бөгембай қанжығалы,*
*Кешегі хан Абылай заманында –*
*Қазақта батырлықтың әнұраны.*

*Қазақта алты алашқа даңқы асқан,*
*Саққұлақ бием талай жиын ашқан,*
*Аңсатқан самал–сағым Ерейментау,*
*Батырым Иманжүсіп әнге қосқан.*

*Көркіне көз тоймайтын көне жерлер*
*Күрсінген ерлерді ойлап Қоржын көлдер,*
*Сынығы жақсылардың айдауда өлген*
*Олжабай, Барлыбайдай – асыл ерлер.*

*Сәлем де қанжығалы туған елге –*
*Деп айтқан Естай ақын сөзі өлерде*
*Ұрпағы сал–серілер Көкшедегі*
*Әндетіп келіп қалдық Ерейменге.*

*Осы ма Ерейментау құбылған бел,*
*Осы ма жан сырымды ұғынған ел,*
*Қанаты сері Ақанның қайырылып,*
*Мерт болып Құлагерім жығылған жер.*

*Билердің өр биігі, Саққұлағым,*
*Жандырған дана сөзбен бақ шырағын,*
*Ақанның жанашыры болып елде,*
*Алтындай бағалатқан ат тұяғын.*

*Түскендей созі бидің заңғар көктен,*
*Данышпан, даналығы бізге жеткен,*
*Тоқтатып Сағынай тойын ел алдында*
*Құлагер өліміне құн төлеткен.*

*Тұқымы бай, қажының елден безген,*
*Қуғын мен қиындыққа көніп төзген,*
*Елінде қанжығалы көп мұңдасым*
*Таныскан Омбы жақта бала кезден.*

*Жанымда қанжығалы Тұрғын інім,*
*Еліне еңбек еткен таппай тыным,*
*Қостанай ата қонысы атанғанмен*
*Көкшеге бауыр басқан ерім бүгін.*

*Келгесін Ерейменге жолым түсіп,*
*Табысам сүйікті елмен ерді құшып,*
*Қасымда қыпшақ інім, Тыныштық ақын,*
*Ұрпағы Қобыланды, Иманжүсіп.*

# Үкілі Ыбырай қайда жатыр екен?

*Әні: Иран Тасқараулы*
*Сөзі: Кәкімбек Салықов*

**Баппен, мұңды**




*Елеңдеп Жалғызтаудай кербез мекен,*
*Келер деп болды жылдар сенген бекер.*
*Құс салып сексен көлді дабылдатқан,*
*Үкілі Ыбырай қайда жерленді екен?*

*Айтқызбас жан азасын ойым бекер,*
*Бір күнде ас пен мерейтойы да өтер.*
*«Гәккуін» Күләш шырқап, әлем білген,*
*Үкілі Ыбырай қайда қойылды екен?*

*Ардақтап атамайтын атын бекер,*
*Жетпісте жолбарыстай батыл екен.*
*Атылған ел қырылған аштықты айтып,*
*Үкілі Ыбырай қайда жатыр екен?*

## Үкілі Ыбырайдың соңғы әні

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Үкілі Ыбырай*




*Айғайлап ән саламын халқым енді,*
*Тар заман, тарын дүние маған келді,*
*Атығай - Қарауылға тегіс сәлем,*
*Тыңдаған адам болса бұл өлеңді*

*Төрт ру, бір момынның баласы едік,*
*Шырмалаған Қызылкөлдің саласы едік.*
*Кең жайлау Сарыарқадан қоныс алған,*
*Атығай - Қарауылдың баласы едік.*

***Қайырмасы:*** *И.. Қош бол,*
*елім - ей....*

*Адамға жазды нәсіп әлде қайдан,*
*Болмайды іс түскенде ешбір айлаң,*
*Көсіліп мекен еткен, Көкшетауым.,*
*Күңіреніп арнап саған сәлем айтам.*

*Мен келдім темір жолға аяқ басып,*
*Кең жайлау Сарыарқаға амандасып,*
*Жиылып өңшең маңғаз зар жылады,*
*Көзінен қанды жасы араласып.*

***Қайырмасы:***

*Бұрқылдап будақтатып поез кетті,*
*Көкшетау, айналайын, көрем бе енді?!*
*Жан дауысын Ыбырайдың қамыққанда,*
*Қалың ел ардақтаған білер ме еді?!*

*Хан, қара, Алаш демей қолымды арттым,*
*Кез келген жанды жайсаң таңырқаттым*
*Ортаңда бұлбұлдайын сайраушы едім,*
*Осылай, қайран дүние, жабырқаттың.*

***Қайырмасы:***

*Желпініп етек жайған жерім қалды,*
*Тізелес бірге өскен ерім қалды.*
*Ортаңда ақ иықтай саңқылдаушы ем,*
*Есенбай, Шоқтыбайдай елім қалды.*

*Дәм айдап, уа, халайық, шықтым шетке,*
*Етпесе Алла несіп, үміт етпе,*
*Дүниеден қазам жетіп, өтіп кетсем,*
*Бақылдық сөзім қалсын қалың көпке.*

***Қайырмасы:***

# Бір мін бар

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Кәкімбек Салықов*

*Жігерлі, шалқыта*




*Тіршілік, сенде бір мін бар,*
*Шаттықтан қайғың көбірек.*
*Сайрамай талай бұлбұлдар,*
*Булықты үнсіз еңіреп.*
*Беу, уақыт! Сенде бір мін бар,*
*Жүрісің шымқай асығыс.*
*Қамығып өткен мың гүл бар,*
*Қауызын ашпай қапылыс.*

*Бір мін бар сенде, арманым,*
*Тым биік құлаш сермейсің.*
*Білсең де дүние жалғанын,*
*Аз ғана тыным бермейсің.*
*Қайтейін, достым, мін демей,*
*Өзіңді көптеу сүйесің.*
*Сыздаған жерді іздемей,*
*Қытыққа тиіп жүресің.*

*Бір мін бар, інім, сенде де,*
*Сынамас жерде сынайсың.*
*Ел-жұртқа жақпас пендеге,*
*Ергіштеп үйір құрайсың.*

*Бір мін бар сенде, жан аға*
*Көңілге кірбің тересің.*
*Түскендей сайтан араға*
*Қол ұшын кештеу бересің.*

*Жаттаған Абай сөзінің,*
*Қайталап көбін иланам.*
*Аз емес мінім өзімнің,*
*Кешірек ұғып қиналам.*
*Тіршілік, сенде бір мін бар,*
*Шаттықтан қайғың көбірек.*
*Сайрамай талай бұлбұлдар,*
*Булықты үнсіз еңіреп.*

## Еркін әнші

**Сөзі, әні Тасқара Иран Тасқараұлы**




*Көкшеде, тума талант, әнші Еркін,*
*Көкшедей көрінуші ед келбет-көркің,*
*Көкшенің күркіреген аспанындай*
*Қосып ед дауысың елге жігер, серпін.*

***Қайырмасы:***

*Көкшедей көркің,*
*Әншісі Еркін.*
*Саңқ еткен қыран,*
*Жарқ еткен жыр-ән.*
*Гәккуі төрдің,*
*Еркесі елдің*
*Мәңгіге озып барасың.*

*Мінекей, сен де кеттің арамыздан,*
*Кетпейсің бірақ мәңгі санамыздан,*
*Сал-сері үнін жалғап туа берсін*
*Өзіңдей дархан дарын саламыздан*

***Қайырмасы:***

*Жүруші ек әнді шырқап, күліп-ойнап,*
*Әндетсек құлпырушы ед Көкше жайнап,*
*Батырдай алғы шепте тұрушы едің*
*Туған ел көтергенде әннен байрақ.*

***Қайырмасы:***

# Жез киік

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Кәкімбек Салықов*

*Асықпай, баяу, толғана*






*Жез киігім, жер сұлуым, аяулым,*
*Сені көрмей көңіл көптен қаяулы.*
*Өзіңді іздеп аңсап, шаршап келгенде*
*Қарсы алармысың жаяуды,*
*Ауылым менің ояу ды?!*

*Кім кесті екен егіз жүрек арасын,*
*Кім жазады жазықсыздың жарасын.*
*Қияға кетіп қайырылмауға қисам да,*
*Қымбатты жан боп қаласың,*
*Қымбаттай түсіп барасың.*

*Түндей тыныш, тәтті ұйқыдай жеңіл ең,*
*Өзің ғой менің ережем мен емілем.*
*Қайталап келіп құмарту, аңсау мезгілі,*
*Өкініштерге көмілем,*
*Өлең болып төгілем.*

*Балауса едің балбыраған, балдырған,*
*Өзгеге салқын, жүректі жеңіл жандырған.*
*Бір көрудің зор бақыты бар дейді,*
*Жүйткіп бір өтші алдымнан,*
*Бейнеңді естен қалдырман.*

# *Желқызылы Ақкөлдің*

***Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Сөзі: Жайық Бектұров***




*Желқызыл, атың ғажап желдей ескен,*
*Баурыңда әкем туып, кіндік кескен,*
*Аттай-ақ арқандаулы бара берем,*
*Балалық балдәуренім кетпей естен.*

*Сағындым ата мекен, Желқызылым,*
*Құлаққа тиер ме деп жел-ызының.*
*Алыстап кетсем дағы құйын қуып,*
*Көңілімнен кетер емес бал қызығың.*

***Қайырмасы:***

*Е..ей! Желқызылым,*
*Жер құндызы Ақкөл елдің,*
*Отаны Жайық аға жайсаң ердің.*
*Ақкөл елім, Жайық ерім!*

*Ішіктің жағасындай, Желқызылым,*
*Таппаспын сенен сұлу жер жұлдызын.*
*Адамзат қолдан жасап жарата алмас*
*Дәл сендей сырлы арал, жер құндызын.*

*Әкемнің жұрты әне, көңі жатыр,*
*Шөккен нар сол бір көңнің дөңі жатыр.*
*Сыр бүгіп топыраққа өткен күннен*
*Үйінің босағасы, төрі жатыр.*

***Қайырмасы:***

## Жетпіс бес

*(Теңбай Сәпиоллаұлына арнаймын)*

***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***

***Шалқыта, құбылта***




*Келдің бе кемелденген жетпіс беске,*
*Өтті ме, қайран, жастық желдей ескен?!*
*Құдайым қуат беріп, сәнді бұзбай,*
*Қосты ма салтанатты дана көшке?!*

***Қайырмасы:*** *Аха..хау, уа, жетпіс бес-*
*Дүниені сайран қылған*
*үш жиырма бес.*

*Еленіп елге еңбегің, адалдығың,*
*Зейнеті ерен еңбек – қамал бүгін.*
*Ұрпақтар бәйтерегі миуалы,*
*Нұр сәуле – қамқорлығың, адамдығың.*

***Қайырмасы:***

*Жетпіс бес, қарсы аламын құшақ жайып,*
*Сайраны бұл жалғанның бізге лайық.*
*Ұрпаққа өсіп-өнген бақыт тілеп,*
*Тойларын алда өтетін қызықтайық.*

***Қайырмасы:***

## ***Өмір-өлім***

***Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Сөзі: Мағжан Жұмабаев***

***Мұңды***




*Басы сайран, сұм жалғанның соңы – ойран,*
*Адам өмірі – тағдыр ойыны. Біл де ойлан!*
*Есіл жастық ескен желдей гуілдеп,*
*Әлі – ақ кетер жүректен – от, күш – бойдан.*

*Қылсын мазақ, мейлі тағдыр ойнасын,*
*Жалмауыз жер мейлі жұтсын, тоймасын.*
*Жансыз суық көзін қадап қу өлім,*
*«Тез» деп күтіп, тісін шықыр қайрасын.*

*Не қылса да, өлімнің өз еркі.*
*Жындандырад мені сұлу көркі.*
*Құшам, ішем, жынданамын, жылаймын,*
*Бүгінгі күн өмір, өлім - менікі!*

# Абылайханның 300 жылдығына арналған ән

*«Тәуелсіздік көк туы»*

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*

*Шалқыта, жігерлі*



*Абылай қазағымда алып тұлға,*
*Айналған ерлік даңқы аңыз – жырға,*
*Ерлікпен, серілікпен хандық құрып,*
*Бөлеген қазақ халқын елдік нұрға.*
*Орда қып Абылайхан Көкшетауын,*
*Алысып, анталаған жеңген жауын,*
*Ақ туын ақ арының алаулатып,*
*Елінің қорғап қалған аман – сауын.*

*Абылай – ханның данасы,*
*Биліктің заңғар санасы,*
*Жауларын жайпап жорытып,*
*Елінің болған панасы,*
*Ақылға қосып айбарын*
*Қорғаған ұлы даласын,*
*Елдікті ойлап біріккен*
*Қазақтың хан мен қарасы.*
*Тәуелсіз елдің көк туын*
*Тік ұста, қазақ, алашым!*

*Қасиеті ата – баба бойымдағы*
*Ұштасты достығыммен ойымдағы,*
*Татулық, бейбітшілік нұрды шашып,*
*Бар ғалам елдігімді мойындады.*
*Арманы Абылайхан орындалды*
*Қазағым елдікті еркін қолына алды.*
*Көк туын Қазақстан желбіретіп,*
*Нұрсұлтан тәуелсіздік жолды салды.*

*Нұрсұлтан – біздің Елбасы,*
*Астана – елдің ордасы,*
*Тәуелсіз Қазақстаным –*
*Азаттық шеру жалғасы,*
*Сәтті де болып жол басы,*
*Кеңейе берсін арнасы,*
*Самғаған көкте қыранның*
*Қанаты ұшқыр талмасын.*
*Тәуелсіз елдің көк туын*
*Тік ұста, қазақ, алашым!*

## *Сіргелі*

***Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Сөзі: Рақым Бекмурзин***




*Қонысы Сіргелінің Шымкент жері,*
*Қазығұрт өсіп-өнген асқар белі,*
*Кемесі Нұх пайғамбар тірелген жер,*
*Бірнеше мың жыл өтті содан бері.*
*Бабалар Қожа Ахмет, Арыстанбаб,*
*Басына зират қылдық тамашалап.*
*Еске алған ескерткіш сай өткендерге,*
*Көрсеңіз зәулім биік қандай ғажап*

***Қайырмасы:***

*Еей! Сіргелі, Сіргелі,*
*Қазақтың бір елі.*

*Тайқазан мұражайдың ортасында,*
*Зираты Абылайдың дәл қасында,*
*Болыпты мың жарым жыл бұдан бұрын*
*Салынған Түркістанның қаласына.*
*Түркістан көне қала ертедегі,*
*Жері бай, жемісі өскен берекелі,*
*Данышпан, ғұламалар мекен еткен,*
*Ән шырқап әнші, жыршы, сал мен сері.*

***Қайырмасы:***

# Азамат

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*




*Азамат деген атыңды*
*Ардақтап өтсең болғаны,*
*Сыйлай да білсең жатыңды,*
*Санаңның бұл да толғаны.*
*Сөз айта білсең татымды,*
*Мінгендей ерттеп жорғаны.*
*Ұстасаң жат қып жақынды,*
*Ісіңнің болмас оңғаны.*
*Жақпасаң іште отыңды,*
*Өмірде гүлің солғаны.*
*Жарыңды тапсаң ақылды,*
*Бақыт бұл құсың қонғаны.*

*Қызғаныш кірсе ішіңе,*
*Арамдық болар баққаның*
*Береке бермес ісіңе,*
*Тыныштық болмас жатқаның.*
*Ер жігіт мінсе күшіне,*
*Халқының көңілін тапқаны.*

*Жамандар кетсе ісініп,*
*Көрерсің арды сатқанын.*
*Менсінбей өтсең кісіні,*
*Өзіңе қара жаққаның.*
*Қылығын қоймас түсініп,*
*Ездердің қарғыс атқаны.*

## Жаса, Көкшетау

***Сөзі: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Әні: Ерлан Ташев***

***Көңілді***




*Көкшетау әсем қалама табынам,*
*Көлімді Қопа алқа ғып тағынам,*
*Ауасын жұпар көкірекке қондырып,*
*Нәр алам жасыл, хош иіс бағынан.*
*Сұлулық сәнің көркіңде байқалған,*
*Көрген жан бірден тамсанып айта алған.*
*Қиындық кезді жеңетін жігермен,*
*Жандарға жайсаң, талантты, бай қалам.*

***Қайырмасы:***

*Жаса, жаса Көкшетауым,*
*Жасыл желек бауларым.*
*Жақсы көріп аялайды*
*Қоныстанған бар қауым.*
*Арайланшы, Көкшетауым,*
*Асқақтасын жыр-әнің.*
*Сенемін мен қасиетіңе,*
*Болашақтың жақ шамын.*

*Көкшетау - еркін қазақтың қаласы,*
*Достыққа құштар, үлгілі баласы,*
*Еңбекке ерін шақырып, жетелер,*
*Кенге бай жері, құнарлы саласы.*
*Көкшетау – мәңгі махаббат, бесігім,*
*Сал-серім, елге белгілі есімің*
*Әлемге аты әйгілі, кербезім,*
*Достарға ашық құшағың, есігің.*

***Қайырмасы:***

*Живи, живи, Кокшетау мой,*
*Город счастья наш родной*
*Мы поем сегодня в праздник*
*Песню юности с тобой.*
*Живи, живи, Кокшетау мой,*
*Город счастья наш родной.*
*Мы поем сегодня в праздник*
*Песню юности с тобой.*

***Қайырмасы:***

# Ән бесігім - Көкшетау

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Тыныштық Шәменов*




*Уа, Көкше ән бесігі әрбір қырың,*
*Арнаған ақын Сәкен сұлу жырын.*
*Шыңыңнан ауған бұлттар нөсерлетіп*
*Туған жер аясына төгер нұрын.*

***Қайырмасы:***

*Е...ей! Төгер нұрын,*
*Сұлу жырын.*
*Көкшетау - ән бесігім, елім менің.*

*Көрікті ең неткен әсем сұлу Көкшем,*
*Жүрегім сен деп соғар жырлар төксем.*
*Қарашы қандай ғажап биші қайың,*
*Өспейді мың бұралып қолдан ексең.*

***Қайырмасы:***

*Ұйқыда жатқан қалпың көзді жұмған,*
*Сақалды, дулығалы алып тұлғаң.*
*Ғасырлар ақындардың жүрегіне*
*Сол бейнең "Жеке батыр"жыр боп тұнған*

***Қайырмасы:***

*Тастары Оқжетпестің тақталанған,*
*Жадында бет бедерін сақтар адам.*
*Өзіңде туып, өсіп, жеткеніме*
*Көкшенің ері болып мақтана алам.*

***Қайырмасы:***

## Келші, жаным

***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқарақұлы***

***Вальс екпінімен***




*Кел, жаным, келші, жаным, келші, жарым,*
*Ұнай ма ерке сазды салған әнім?*
*Көкшенің тамашалап табиғатын*
*Алайық бал-ләззат жанның нәрін.*
*Табиғат еркесі боп еркелейік,*
*Қиялмен Оқжетпеске өрмелейік,*
*Өлгенше жұбын жазбас қос аққу боп,*
*Күміс көл айдынында тербелейік.*
*Көз тартса сұлулығы айналаның,*
*Қалайша әнге салмай жай қаламын,*
*Төгілген нұрлы сәуле ақ жүзіңнен,*
*Көзіңнен дөңгеленген айналамын.*
*Жалғасып сұлу Көкше кеші күнге,*
*Пейіштің ашқандаймыз есігін де,*
*Жамылып Көкшетаудың көк торғынын*
*Махаббат тербелейік бесігінде.*

# *Құлагердің басында*

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*




*Осы ма Ерейментау құбылған бел,*
*Осы ма жан сырымды ұғынған ел,*
*Қанаты Сері Ақанның қайырылып,*
*Мерт болып Құлагерім жығылған жер?!*
*Ақанның ұрпағы боп сарнайын ба,*
*Ән-құран дүлдүліме арнайын ба,*
*Лағынет айтып қара зұлымдыққа,*
*Ілиястың поэмасын жалғайын ба?*
*Тұлпары сері атамның өрге салар,*
*Орының тарихымда төрде қалар,*
*Өзгерген түрі бүгін жылмаң қағып,*
*Қазақты көреалмастық көрге апарар.*
*Ұрпағы Сері Ақанның зарланады,*
*Әнінен қашан, шіркін, зар қалады.*
*Менмендік, көреалмастық, зұлымдықтың*
*Қазақта қалғанына арланады.*
*Құлагер, жүргендейсің арамда сен,*
*Дүбірлеп тұрғандайсың даламда сен,*
*Бұл күнде теңеу болып өнерліге,*
*Айналдың жануарым адамға сен.*
*Қайта алмай Сері Ақанмен елге бірге,*
*Сүйегің қалып еді құба белде,*
*Ұрпағың, Көкшетаудан іздеп келіп,*
*Бас иер тағзым етіп осы жерге*

# Анама

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*




*Сөйлейін мен анадан*
*Сүйікті оған баладан,*
*Ең үлкені жүрді оқуда*
*Алыстағы қалада.*

*Жалғыз оның қарындасы,*
*Төгілген шаш, қара қасты,*
*Түссе есіне анасы,*
*Мөлтілдейді көз жасы.*

*Төрт жаста қалды құлыны,*
*Абай деген бұл ұлы,*
*Әлдилетіп өсірген*
*Бәрімізді жан ана.*

*Абай, Абай, Абайым,*
*Алдыңа кілем жабайын.*
*Өліп қалған шешеңді*
*Қайдан іздеп табайын?*

*35 жыл өмір сүрдің,*
*Жер үстінде неге аз жүрдің?*
*Қызығыңды көрсем сенің*
*Арманым жоқ деуші едің.*

*Көрмейсің деп қызықты*
*Бұл ауру сізді жығылтты*
*Емханадан, сағындым деп,*
*Балаларды шығыпты.*

*Ақ сүтіңді ақтаймыз,*
*Айтқан сөзден қайтпаймыз.*
*Халықтан күш аламыз,*
*Халыққа біз де баламыз.*

## Ерлан зары

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*

Терең сезіммен, мұңлы



*Жалғыз ұлым, Ерлан ботам, өлдің бе,*
*Шырағым менің жарқырап жанған сөндің бе?!*
*Атадан көп боп тараған мирас бар еді,*
*Ұлғая келе жалғыздық басқа көндім бе?!*

*Жылайды анаң көзінің жасын көл қылып,*
*Гүлжамал, Жанар - тебісіп өскен төл құлын.*
*Көңілді бейнең сақталар мәңгі есімде,*
*Өле-өлгенше көкірегімді шөл қылып.*

*Өрімдей едің, бой түзеп, ойың жайқалып,*
*Талабың таудай корініп көзге байқалып,*
*Он алты жаста азаматтықты бастамай,*
*Астан да кестен өмірің кетті шайқалып.*

*Мінезің қандай, жаралаған нәзік жан едің,*
*Серік боп қалған шаңырағымның сәні едің,*
*Жетер ме демім шырқауға енді өмірде,*
*Жүрегімнің қайнар да бұлақ әні едің.*

*Арманы шексіз, өрімі едің жастың да,*
*Қуаныш болдың балалық нәрін шаштың да,*
*Арыстай болып, ер жетіп қалған, Ерланым,*
*Қалайша сыйып жатырсың жердің астында.*

*Осылай зарлап жалғыз ұлым өлгенде,*
*Болып еді көңілім қайғы-шерменде.*
*Қайтадан түлеп жаңғырды менің өмірім*
*Екінші Ерлан ұлымды құдай бергенде.*

# Екі ұстаз қыз

*(Жарым Рәзия, оның студенттік досы Бибішке арнаймын)*

***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***

***Көңілді, жігерлі***




*Еске алып студенттік жастық шақты,*
*Екі дос бірін бірі іздеп тапты.*
*Қарсы алып Көкшетауда ағайындар*
*Маздатып мәңгі достық отын жақты.*

***Қайырмасы:***

*Еей! Өмір, өмір, өмір–ай,*
*Ұмытпаған достықты*
*Қайран, шіркін, еей, көңіл-ай.*

*Достығы екі қыздың еткендей жыр,*
*Ұрпаққа сабақтары сепкендей гүл.*
*Екі ұстаз еңбектері елге еленген*
*Көрмепті бірін бірі 47 жыл.*

***Қайырмасы:***

*Жас қайда жалындаған, сырласатын,*
*Қиялдап арман қуып қырға асатын.*
*Тәуба қып, шүкіршілік өмірге өткен*
*Құдайым қуат бер әлі нұр шашатын.*

***Қайырмасы:***

# Елге бар

*Сөзі, әні Тасқара Иран Тасқараұлы*

*Асықпай, терең сезіммен*





Іш тар - тар
жүр - ген -
- де.

*Шаршасаң елге бар,*
*Тынығып қайтарсың,*
*Нағыз сый елде бар,*
*Ән қылып айтарсың.*
*Ақ үміт арытып,*
*Ел сені сыйлайды,*
*Жақсыға жорытып,*
*Жаманға қимайды.*
*Адамға сыйынар*
*Іш тартар ұлы қып.*
*Санаңа құйылар*
*Даналық, ұлылық.*
*Татқызар үлесін*
*Үйіне кіргенде.*
*Қадірін білесің*
*Алыста жүргенде.*

*Тарықсаң елге бар,*
*Күн түсер пейілге.*
*Ақжарқын ерге бар*
*Шығып бір сейілге.*
*Ел көркі – азамат*
*Қарсы алар ісімен.*
*Кездессең ғаламат*
*Бір жақсы кісімен.*
*Көтеріп еңсені,*
*Көңілің самғайды.*
*Ұшырса ел сені*
*Қанатың талмайды.*
*Ел – алтын бесігім,*
*Дей берем досыма,*
*Жаралсаң ел үшін,*
*Міне сый осылай.*

# Қызыма

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*




*Адамның бір қызығы бала деген,*
*Абайды осыны айтқан дана деген,*
*Баланың қызықтарын қызықтайтын*
*Тірлікте ата менен ана деген.*

*Баланы әр адам-ақ қызықтапты,*
*Балдәурен сол баладан қызық тапты.*
*Басынан ер жігіттің не өтпейді,*
*Қайғыдан кейін қандай қызық тәтті.*

*Тұңғышым, тұла бойым, Гуля жаным,*
*Көңілдің көліндегі аққу әнім.*
*Алғашқы ата-ананың қуанышы.*
*Көтерген, құтты болсын, отау - сәнің.*

*Сарыарқа сайрандаған серің едім,*
*Көкшетау әлдилеген жерім едің,*
*Шерітіп домбырамды сырласайын,*
*Тарқайтын осы тойда шерім едің.*

*Ортаңа, ағайындар, келіп едім,*
*Жігіттің үш жұрты бар елім едің,*
*Алдымнан қарсы шығып азаматың*
*Қуаныш, шаттығына желігемін.*

# Жанарым

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*

**Вальс екпінімен**




*Қызыма нур сәулелі Жанарымдай,*
*Сымбаты гүлдің нәзік сабағындай,*
*Қараймыз ата-ана боп бақыт тілеп,*
*Көктемгі күннің шуақ қабағындай.*

*Жанарым, жайнап өтсін жастық шағың,*
*Ұмытпа ақ тілегін ата-ананың,*
*Қосылған сүйгеніңмен сүйсіндіріп,*
*Алдыңнан жарылқасын, жансын бағың.*

*Жанарым, жаңа елмен таныстырдың ,*
*Құда ғып төсімізді қағыстырдың,*
*Қуантып екі жақтың ата-анасын,*
*Дәурендей ұлымызбен табыстырдың.*

*Қуаныш құтты болсын, құдаларым,*
*Жақсыдан жанға азық сыр аламын,*
*Бақыты екі жастың баянды боп,*
*Төгілсін жас отауға нұры Алланың*

## Бөбегім Ақмаралым

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*

***Ойнақы, шалқыта***




*Бөбегі Ақмаралы -*
*Атаның ақ самалы*
*Қырқынан шығып бүгін*
*Өмірге жар салады.*
*Қалжаға жиылғанды*
*Әжесі қарсы алады,*
*Атасы қуанғаннан*
*Жыр төгіп, ән салады, ән салады.*

*Құдағи, Ғайнижамал,*
*Немере сізге Ақмарал,*
*Сәбидің атын қойдың*
*Алыстан тауып амал.*
*Қолдадық ырымыңды*
*Ұрпақтың шамын жағар.*
*Екіара сыйластықпен*
*Құдалық - мықты қамал, мықты қамал.*

*Серігі Маликаның*
*Келтірер отау сәнін,*
*Жанар мен Дәуренімнің*
*Арайлар талай таңын.*
*Орынбор - Көкше болып*
*Ұрпаққа шаттанамын.*
*Ғұмыры ұзақ болсын*
*Балапан Ақмаралдың, ,Ақмаралдың.*

# Замандас

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*




*Замандас күл де ойна осындайда,*
*Көктемнің сен бір гүлі тұрған жайнап.*
*Тұлпардай көңіл, шіркін, бой бермейді,*
*Сұңқардай ұшатұғын көкті шарлап.*

*Өмірді гүлдендірер еңбек, өлең,*
*Сыр шертіп, тамылжытып, салған әнім,*
*Көкшеден Иран деген мен бір жігіт,*
*Өмірде сұлулыққа құмар жаным.*

## Тәуелсіздік шаттығы

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*




*Көк байрақ, құс қанатты ат, алғыр қыран,*
*Елдіктің белгілері жарқыраған,*
*Төл теңге табысымның қайнар көзі,*
*Достыққа шақыратын әнім - ұран.*
*Қазақтың тәуелсіздік ашып бағын,*
*Толқындап тоқталмасын ерлік ағым,*
*Ақ сенім - референдуммен қабылдады ел*
*Президент Нұрсұлтанын, ата заңын.*

***Қайырмасы:***

*Асқақтасын әніміз,*
*Жарассын достық сәніміз,*
*Жарқырасын әлемге*
*Тәуелсіздік таңымыз,*
*Абайдай елдік мәніміз,*
*Ата-баба заңымыз,*
*Конституция заңымыз!*

*Болсын деп тәуелсіздік сыйым құтты,*
*Қазағым құшаққа алған ұйым мықты,*
*Сенемін ел-жұртымның ертеңіне,*
*Жеңеді деп нарықтықта қиындықты.*
*Әніммен асқақтайды менің жырым.,*
*Тартады азаматтық менің сырым.*
*Көгінде тәуелсіздік жарқыраған*
*Қазақта Нұрсұлтандай жанған нұрым.*

***Қайырмасы:***
*Сәлем Арқа елінен,*
*Кербез Көкше жерінен,*
*Абылай, Шоқан төрінен,*
*Оқжетпестей өрінен,*
*Сексен сұлу көлінен*
*Біржан, Ақан нәр алған*
*Сауық-сайран белінен*

## Гүлнәрім

***Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Сөзі: Маркус Саринжіп***

***Сезіммен, ойнақы***




*Махаббат билеп сезімді,*
*Қосты ғой маған өзіңді.*
*Жүректе мәңгі сақтаймын*
*Жайнаған жастық кезіңді.*

***Қайырмасы:***

*Өзіңсің, жаным,*
*Аяулы жарым, Гүлнәрім.*
*Отбасы панасы,*
*Балалар анасы,*
*Гүлнәрім, Гүлнәрім, Гүлнәрім, Гүлнәрім.*

*Өмірдің ыстық, суығын*
*Кештік қой бастан сөзге ермей,*
*Басылмай қызық – дуылым*
*Қырық жыл да өтті сыр бермей.*

***Қайырмасы:***

*Ата, енеңді сыйладың,*
*Көңілін жардың қимадың.*
*Жайлы да болдың жан-жаққа,*
*Жақсыны төрге жинадың.*

***Қайырмасы:***

*Жазылмай жұбым өзіңмен,*
*Арманға мен де жетейін.*
*Ендігі қалған өмірде*
*Бір сені жырлап өтейін.*

***Қайырмасы:***

# Ғашықтық

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Беімбет Майлин*

*Әндете, ойнақы*




*Ғашықтықтың не екенін білмеуші ем,*
*Аса артық ойға дағы ілмеуші ем,*
*Қыз-келіншек басын қосқан жиынға*
*Ерінуші ем, елікпеуші ем, жүрмеуші ем.*

*Заман-құрбы, жастар қоймай ерікке,*
*Бірең-сараң ертіп жүрді серікке,*
*Жүре-жүре тәжірибе алып, ысылып,*
*Болдым душар бір қызулық желікке.*

*Тең теңімен, тезек қабымен деген,*
*Мақсатым бар бұрын ретке келмеген,*
*Ойнап-күліп көтерейік көңілді,*
*Бер уәдені бүгін кешке кел деген.*

*'Қой әрі, — деп ордаң етсе болмады,*
*Қойшы, ойбай, — деп жымың етсе оңғаны.*
*Бұраң етіп бір қараса қылмиып,*
*Ғашықтық сол бойыңа енді қонғаны.*

*Аңқау басым сендім бұған ой беріп,*
*Сынап мұны қарайын деп ой келіп.*
*Жеке отырған бір сұлуды таппақ боп,*
*Қыдырдым-ау бүкіл елді ой келіп.*

*Молдаларша жаттап алған құрандай,*
*Қызды көрсем айтам мұны тұра алмай.*
*Дұғалық па, әлде сиқыр білмеймін,*
*- Қойшы, ойбай, — деп жымыңдайды бұраңдай.*

## Құдалар

***Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Сөзі: Кәкімбек Салықов***




*Қыз қияға, ұл ұяға қонғанда,*
*Қуана бер солар пана, қорған да,*
*Төрің толқып, кеңейеді өрісің,*
*Төңірегің құдаларға толғанда.*

***Қайырмасы:***
*Ата жолы ұлағат,*
*Болдырмасын бір ағат,*
*Құда деген қазақта*
*Ең ардақты жұрағат.*

*Бас құдағи кең жазира қабағы,*
*Сыйға-сыйлық, сыраға бал табады,*
*Жас құдаша қос жанары мөлт еткен*
*Қос жұлдыздай жүректі өртеп барады.*

***Қайырмасы:***

*Қуанышты сезіп жаның құп алар,*
*Құп алар да қызық дәурен құралар.*
*Қызды ауылға кетті бүгін немерем,.*
*Ертең тағы көбейеді құдалар.*

***Қайырмасы:***

## Əн-тілек

***Əні: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Сөзі: Тұманбай Молдағалиев***




*Басына түспей жамандық,*
*Бақытқа тасып күлсе екен.*
*Ел қамын жеген адамның*
*Еңсесі түспей жүрсе екен.*
*Жоғалтпай арман, үмітті.*
*Тұрса екен жас боп күніге,*
*Жүрегі ақын жігіттің,*
*Жығылмаса екен түгі де.*
*Ездер ғой мені жейтіндер,*
*Еңсемді қалай көрсетем,*
*Ел деп бір еңірейтіндер*
*Ертең де туа берсе екен.*

# Өсиет

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Кәкімбек Салықов*




*Оранғандар үлдеге-бүлдеменен,*
*Үндемеп ем, қызғанып, күндемеп ем.*
*Маған деген қуаныш кештеу келіп,*
*Құлашымды қусырып тіл бөгеген.*

*Сырымды айтсам мінездің ашықтығы,*
*Күндемеңдер:*
*- Көп қой, - деп ашық күні.*
*Маған керек тірлікте бір-ақ нәрсе,*
*Ол - адамға адамның ғашықтығы.*

*Көп жүрмейміз, өмірдің қалар жүгі,*
*Белгілі ғой қара жер тажалдығы,*
*Бір-ақ нәрсе тірліктен сұрайтыным,*
*Ол - адамның адамға адалдығы.*

## Жанбота

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Кәкімбек Салықов*

*Шалқыта, жігерлі*




*Жанбота, мені шенеп, майырмайсың,*
*Тоқымды шаптан тартқан айылдайсың.*
*Хан-төре үмбетінен айырғанмен,*
*Туған ел құрметінен айырмайсың.*

*Атыңның қызыққам жоқ озғанына.*
*Жан-жағың кетіп жатыр өз қамына.*
*Теңіздей терең тартып толғанамын,*
*Көзімше туған елдің тозғанына.*

## Бұл өмірдің қызығы

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*




*Бұл өмірдің қызығы*
*Зымырайды, зырлайды,*
*Жаспен бірге сырғанап,*
*Дәурен баста тұрмайды.*
*Артта қалған жастық шақ*
*Көңілді біздің қимайды,*
*Иран да әнмен шақырып*
*Домбырасын ырғайды.*
*Сондықтан да, жігіттер,*
*Ойнаңдар да, күліңдер,*
*Қысқасын фәни-жалғанның*
*Іштен сезіп жүріңдер.*
*Налымаңдар уайымдап,*
*Биліктің қолда жоғына,*
*Қалдырмаңдар көңілді,*
*Ренжіп дүние боғына.*
*Құрметтейтін қонақтай,*
*Бір-біріңді сыйлаңдар,*
*Түссе де басқа қандай күн,*
*Жамандыққа қимандар.*
*Пайдалана біліңдер*
*Өлшеулі өмір сызығын.*
*Бұл өмірдің санаулы*
*Қызғанбаңдар қызығын.*

*Бұл өмірдің қызығы,*
*Келіншек пе, қыз ба екен?!*
*Сұлулықпен қауышу*
*Баяғы сүрлеу із бе екен?!*
*Жарқылдаған жігіттік*
*Көңілді қимай жүр ме екен,*
*Ағасына жігіттің*
*Нұрын төгіп тұр ма екен?!*
*Көңілің ақ болмаса*
*Қызықтың нәрі болмайды,*
*Арам ой мен қу күлкі*
*Туғызар басқа сор-жайды.*
*Жақсыменен жанассаң*
*Жаныңа шуақ орнайды,*
*Мен-менсінген жігіттер*
*Өзін-өзі қорлайды.*
*Бұл өмірдің қызығы*
*Теңге, тиын, пұл ма екен?!*
*Дүниеге табынған*
*Адам сорлы құл ма екен?*
*Сондықтан да, жігіттер,*
*Сақта адамдық мәніңді,*
*Пендешілік тірлікке*
*Айырбастама жаныңды*

## *Жалған*

***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***

***Шалқыта***




*Жігіттер, сырғанайды дәурен бастан,*
*Жас та өтер жігері мол, асып, тасқан,*
*Жалғыз-ақ сері көңіл түлей берер,*
*Гүліндей бұл өмірдің, шіркін-ай, нәрін шашқан.*

***Қайырмасы:***
*Аха...у, жалған,*
*Мен бір жан күліп-ойнап-о..оу,*
*Шіркін-ай, әнді салған, е...ей.*

*Түсінсең азаматтың қасиетін,*
*Табылар талай сыры бас иетін,*
*Сыйластық бұл өмірде көңіл гүлің,*
*Атадан қалған мұра, шіркін-ай, өсиетің.*

***Қайырмасы:***

*Сүйе біл қиналсаңда өміріңді,*
*Жоғалтпай жақсылыққа сеніміңді,*
*Бір мезгіл көңіл құсын құйқылжытып,*
*Жүдетпе жан азығы, шіркін-ай, көңіліңді.*

***Қайырмасы:***

## Украина - золота

***Әндете*** ***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***




*Прийыхав я на Украину*
*По кличу серця и друзив,*
*Примы поклин ты як от сына*
*От казахских гир, степыв*

***Припев:***

*Украина золота,*
*Я з тобой зустричи рад,*
*Писню щастя цому краю*
*Распивая стар и мал.*

*Я казах из Казахстана,*
*Запирижья ты казак,*
*Мицнише дружба наша стала*
*И ласкавый казачки згляд.*

***Припев:***

*Зриднив нас Шевченко,*
*И жовтын породнив,*
*Як бувайте здоровеньки,*
*Я вас давно любыв*

***Припев:***

## Сарбұлақ

***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***

***Көңілді, шалқыта***




*Сарбұлақ Көкшедегі туған жердей,*
*Қойнауы жұмақ мысал жасыл белдей,*
*Ауылым Арқадағы алтын бесік*
*Тербетер сезімімді самал желдей.*

*Көнекөз қариялар, асылдарым,*
*Сыйлаған пайғамбардай тосып нәрін*
*Сағыныш ән мен жыр боп өрнектеліп,*
*Теңіздей шалқар шабыт басылмадың.*

***Қайырмасы:***
*Сарбұлақ – сайран жерім-ай,*
*Қонақжайлы төрім-ай.*
*Ата-баба үлгісі –*
*Ер азамат, ерім-ай.*

## Інілерім

**Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы**

***Әндете, шалқыта***




*Інілер ағалардың тынысындай,*
*Елімнің сарқылмайтын ырысындай,*
*Жақсы іні ағасының ақ арманы,*
*Көз тартар көкжиекте нұрлы шыңдай.*

***Қайырмасы:***

*Інілерім, Інілерім!*
*Сендермен көрікті ғой елім менің!*
*Еркіндік бағын ашқан,*
*Бақыты шалқып тасқан,*
*Ағаның ізін басқан мұрагерім!*

*Інілер сұлулықтың әлеміндей,*
*Әлемді таң қалдырған әуенімдей.*
*Тербетер аға көңілін жан шуағы,*
*Інінің ыстық ықылас сәлеміндей.*

***Қайырмасы:***

*Інісін аға үнемі сағынады,*
*Інілер ізгілікке табынады.*
*Ісімен елдігімді жарқыратқан,*
*Інінің шайқалмасын шаңырағы.*

***Қайырмасы:***

# Арқаның Ақжары

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*




*Арқада ата қонысым Ақжар елім,*
*Тарауы Бестамақтың жазық белім,*
*Мыңғыртып мал суарған ата-бабам*
*Шолақ су, Бас көлменен Аяқ көлім*

***Қайырмасы:***

*Ақжары Арқаның,*
*Құнарлы алқабым,*
*Сал-сері ерлері,*
*Қонақжай елдері,*
*Ақжарқын дарханым.*

*Омскауи әл Жауари - ұстаз дарын,*
*Смағұл, Ғайнитден мен Ғаббастарым.*
*Қазағым ардақтаған ерлерімді*
*Бас иіп мәңгі ұмытпас ұрпақтарым.*

***Қайырмасы:***

*Ән-жырым - қасиетім, өрнегім де,*
*Ән-жырмен құлашты кең сермедім де.*
*Бір аунап аруақтар жатқан шығар*
*Әндетіп ата жұртқа келгенімде.*

***Қайырмасы:***

*Елдігін атқы, жауар, мөнтік, сары*
*Мақтаған кербез Көкше Біржан салы.*
*Жалғаған Біржан салды ән-жырымен*
*Ұрпағы Смағұл қажы Иран салы.*

***Қайырмасы:***

## Айыртауым

***Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Сөзі: Бақыт Әбділманова***



*Айыртауым - асқар белім.,*
*Ну қарағай, айдын көлім.*
*Аңсап келдім топырағын*
*Сері Ақаным туған жердің*

***Қайырмасы:***
*Жемісіндей әрленейін,*
*Ақ қайыңдай тербелейін,*
*Елігіндей еркелеген,*
*Сүйген жарға еркелейін.*

*Жаратқаным нұрын төккен,*
*Тілдескендей жерім көкпен.*
*Аққу-қаздай қаңқылдатып*
*Үкілі Ыбырай гәккулеткен.*

***Қайырмасы:***

*Ата-бабам ғұмыр кешкен,*
*Үлгілі ұрпақ бауырында өскен,*
*Айналайын, Айыртауым,*
*Саумалкөлдің самалы ескен.*

***Қайырмасы:***

## Елебайдың Ержаны

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Ержан Елебаев*

*Шалқыта, жігерлі*




*Баласы Елебайдың атым Ержан,*
*Өзіме бата берген әнші Біржан,*
*Керейімін Ақсарының ұрпағымын*
*Көкшенің Бұландысын мекен қылған.*

***Қайырмасы:*** *Осылай деп шырқады,*
*Елебайдың Ержаны,*
*Рамазандай ұрпағы*
*Болған елдің қорғаны.*
*«Жас қазағы» Рамазан-*
*Әннің асқақ арманы*
*Ата даңқын жалғады*

*Әкемнің Қожағұлдай жылқысы жоқ,*
*Болады кімге мирас дүние боқ.*
*Сатыбай маған туыс «мың жылқылы»,*
*Байлығы сол ағамның көңілге тоқ.*

***Қайырмасы:***

*Мың жарым жылқы біткен Қожағұлға,*
*Болыпты сонша байлық кімге тұлға.*
*Байлықтан әнім артық қыздар сүйген*
*Жүретін күнде батып думан-жырға.*

***Қайырмасы:***

## Кең жайлау Қызылтуым

***Сөзі, әні Тасқара Иран Тасқараұлы***

***Шалқыта, жігерлі, сезіммен***



*Кең жайлау, алып алқап шалқып жатқан,*
*Сепкрай Ресейге иек артқан,*
*Бір кезде төрт ауданның басын қосып,*
*Көкшемен елдік күйді бірге тартқан.*

***Қайырмасы:***

*Көк байрақты Қызылтуым,*
*Қазағымның қалың нуы,*
*Сағындырған дархан далам,*
*Тартып тұрған дәм, тұз, суың.*
*Еңбек Ері адамдардың,*
*Өнегелі қадамдарың,*
*Еркіндіктің самалы ескен*
*Сарқылмаған елдік нәрің.*

*Ермек пен Қайыржандар әнші дарын,*
*Әлемге қазақ үні шашқан нәрін,*
*Қазақтың мықтылығын дәлелдеген*
*Ахметжан Қажымұқандай балуаным.*

***Қайырмасы:***

*Жалғады Сері Ақанды Сәкен сері,*
*Иран Сал Біржан Салдың мұрагері.*
*Қызылту Шоқан ғалым ауданы боп*
*Жүйткіген Солтүстіктің Құлагері.*

***Қайырмасы:***

*Ұстаздар, ғалымдарым елдік кенім,*
*Қазақта ардақталған өңшең керім.*
*Қажымұрат Нағманов – патриот,*
*Ел үшін еңіреген еңселі ерім.*

***Қайырмасы:***

## Песня встречи горняков

*Музыка и слова: Таскара Иран Таскараулы*

*Спокойно, певуче*




*Пятьдесят..., пятьдесят...*
*Лет прошло, как расстались мы с вами.*
*Не вернуть нам назад*
*Молодость и зовущие дали.*
*Семьдесят..., семьдесят...*
*Лет прожито, и это не мало.*
*Как студенты опять*
*Чувствуем мы себя горняками.*

*Ты помнишь тех друзей,*
*Кто не дожил до встречи с нами,*
*Кто погиб под землей,*
*Или прервал по болезни дыханье.*
*Но плакать ты не смей,*
*Ведь гордятся не зря горняками.*
*А ну-ка веселей!*
*Собрались мы на встречу с друзьями.*

*Институт КазПТИ,*
*Ты очаг, подаривший нам знанье.*
*Подарок наш прими*
*Добрыми для отчизны делами.*
*Учитель же ты наш,*
*Кто есть, кого нет преклоняюсь,*
*Я помню твой наказ,*
*Оправдать я надежды стараюсь.*

*Пятьдесят..., пятьдесят...*
*Лет прошло, как расстались мы с вами*
*Не вернуть нам назад*
*Молодость и зовущие дали.*
*Семьдесят..., семьдесят...*
*Лет прожито, и это не мало,*
*Как студенты опять*
*Чувствуем, мы себя горняками.*

## Наурыз вальсі

**Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы**
**Сөзі: Бақыт Әбділманова**

**Еркелете, шалқыта**




*Шаттанғанда наурыз-көктем,*
*Саумал самал беттен өпкен.*
*Құшақ жайды дархан далам*
*Күншуаққа алты ай күткен.*

*Қайырмасы;*

*Аққу – көктем,*
*Гәкку көктем!*
*Гүл жайнаған бәйшешегі,*
*Таңғажайып нұрын төккен,*
*Сал-серілер «гәккулеткен»*

*Жаңа жылым есік ашты,*
*Құт, береке нәрін шашты.*
*Құтты болсын наурыз мейрам*
*Қуантатын алты алашты.*

***Қайырмасы:***

*Наурыз - көктем жылдың басы,*
*Наурыз – көже достың асы.*
*Қазақ елі думандатып,*
*Той-тойлаған кәрі-жасы.*

***Қайырмасы:***

## Есіңде ме, құрбыжан

***Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Сөзі: Бақыт Әбділманова***

***Сезіммен, еркелете***




*Алматының ЖенПИі,*
*Еске алатын біз жиі,*
*Білім берген біздерге*
*Мың бір қыздың кең үйі*
*Есіңде ме, есіңде ме, есіңде ме, құрбыжан?!*

*Бұлттан үкі тағатын,*
*Алатаудың шың-құзы,*
*Ерке, тынбай ағатын*
*Балбұлақтың сылдыры*
*Есіңде ме, есіңде ме, есіңде ме, құрбыжан?!*

*Иран бақтан аумаған*
*Алма бақтың ақ гүлі,*
*Таң сәріде сайраған*
*Бұлбұл құстың саз үні*
*Есіңде ме, есіңде ме, есіңде ме, құрбыжан?!*

*Дина апаның күйлері,*
*Шара апаның билері,*
*Баратұғын театрға*
*Жігіттерден сый көріп*
*Есіңде ме, есіңде ме, есіңде ме, құрбыжан?!*

*«Қайықта» әнін қалқытқан,*
*Вальс билеп шалқытқан,*
*Студенттік жаз таңы,*
*Шәмші ағаның наз әні*
*Есіңде ме, есіңде ме, есіңде ме, құрбыжан ?!*

*Қолдарында гүлдері,*
*Төлегендей түрлері,*
*Жігіттердің біріне*
*Ынтық болған күндерің*
*Есіңде ме, есіңде ме, есіңде ме, құрбыжан?!*

# Әжелер әні

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Бақыт Әбділманова*




*Құрбыларым өткенді айтып сырласып,*
*Әсем сазы қалықтайды қырға асып,*
*Ақ батасы әжелердің — ақ тілек,*
*Бара жатыр аққу үнге ұласып.*

***Қайырмасы:***
*Сырымбетім — өмір-дастан, дәурен-ай,*
*Сағындырған сәукелелі, сәулем-ай,*
*Ансамблі әжелердің ән салса*
*Толықсыған аспандағы туған ай.*

*Түс киізді әсемдетіп басқандай,*
*Ақ күмістен теңге шашу шашқандай,*
*Сырымбеттен шырқағанда әжелер*
*Жымыңдайды жұлдыздарым, аспанда ай.*

***Қайырмасы:***

*Шәйін көйлек кестелеген сәнімен,*
*Ақ кимешек ағарған тең таңымен.*
*Ақ қайыңдар жасыл қамзол жамылған*
*Билегендей әжелердің әнімен.*

***Қайырмасы:***

# Толқын

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*

*Салтанатты*




*Жырымды бір, сырымды бір шашайын,*
*Құшағымды кере құлаш, кере құлаш ашайын.*
*Домбырамды сұңқылдатып, бездетіп,*
*Толқындатып осы әуенге басайын.*

*Көтермесең көңілді кір шалады,*
*Ән де, шіркін, қартайғасын, қартайғасын қалады.*
*Сондықтан да толғап, шырқап, желдіртіп,*
*Толқындатып Иран әнге салады.*

*Досым көп боп, азаматты сыйладым,*
*Күлім көздің қиылғанын, қиылғанын қимадым,*
*Азаматтың арасынан аласы*
*Дақ түсіріп көңілге ақ қинады.*

*Бейбіт елдің еркесі боп шалқыдым,*
*Айдынында аққуындай, аққуындай қалқыдым,*
*Заманымның толқынымен тербеліп,*
*Ортасында туған елдің балқыдым.*

# Аңса жаным

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Мұқағали Мақатаев*

**Вальс екпінімен**




*Мен тіледім, жарқыным, сен де тіле,*
*Жақсылық орнасын деп-жер бетіне,*
*Аққу тіле айдынның келбетіне,*
*Айдын тіле аққуды тербетуге.*
*Мен аңсаймын, сен дағы аңса, жаным,*
*Жақсыдан жайлап ескен жан самалын.*
*Аңса жаным, зарығып, шарша, жаным,*
*Қанша ғұмыр қалса да, қанша амалың,*
*аңса, жаным.*

*Мен сағынам, сен дағы сағын, жаным,*
*Адамнан тек жақсылық табылғанын,*
*Алакөзсіз, ашусыз бауырлардың*
*Алқам-салқам аңсаймын қауымдарын.*
*Болса дағы коңілім қанша жарым.*
*Солармен білінбейді шаршағаным,*
*Жақсыдан жайлап ескен жан самалын*
*Аңса жаным, жабықпай, аңса жаным.*

# Жастық

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Шәкәрім Құдайбердіұлы*

***Вальс екпінімен***




*Гауһардай көзі,*
*Бұлбұлдай сөзі,*
*Жаннан асқан бір пері.*
*Жүзі бар айдай,*
*Мінезі майдай,*
*Басқадан артық сол жері.*
*Дариядай ақыл мол еді,*
*Шын ғашығым сол еді.*

*Ұжмақтың хоры,*
*Іздедім соны,*
*Тал бойының міні жоқ.*
*Бойы бар сымдай,*
*Белі бар қындай,*
*Мүшесінің міні жоқ.*
*Қыз осындай болар ма?!*
*Мұны сөккен оңар ма?!*

*Жаудырап көзі,*
*Тамылжып сөзі,*
*Жібектей шашын тараса,*
*Қалмайды халің,*

*Шығады жаның,*
*Қиғаштап көзбен қараса.*
*Бұл дүниеде қыз қызық*
*Бозбалада ой бұзық.*

*Болды деп қиын,*
*Жеңілдеп киін,*
*Шыр айналып ұршықтай.*
*Еппенен барып,*
*Ынтаны салып,*
*Тышқан көрген мысықтай.*
*Көргенде барып есіктен,*
*Болмаса жапсар тесіктен.*

*Боз үйге кіріп,*
*Ындының құрып,*
*Жарыңның барсаң қасына.*
*Сипалап жүріп,*
*Төсегін біліп,*
*Тигенде қолың басына*
*Ақылың кетіп жан қалар,*
*Ғашығың сонда аңғарар.*

*Қолынан тартып,*
*Білекті артып,*
*Ақ тамақтан шөп етіп.*
*Жан-тәнің еріп,*
*Тіліңді беріп,*
*Сүлдерің қалар, ес кетіп.*
*Айхай, дүние, дүние,*
*Сонда ақылға кім ие?!*

*Есіңді жиып,*
*Иіскелеп сүйіп,*
*Оған да көңіл басылмай.*
*Тілекті алып,*
*Тоятың қанып,*
*Құбылып түскен лашындай*
*Жұмысың бітіп жымыңдап,*
*Төсінде жатсаң тынымдап.*

# Хор сипатты қарындас

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Мағжан Жұмабаев*

*Нақыштап, көңілді*




*Хор сипатты қарындас,*
*Оттай сұлу, ыстық жас,*
*Құшақта да қойныңды аш,*
*Бұғақтан бір сүйейін.*

*Мен көбелек, сен бір шам,*
*Айдап келген мен құрбан,*
*Шамға одан не зиян,*
*Сүйейін де күйейін.*

# Батыр Мәлік

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*

*Марш екпінімен*



*Фашизм бұлты көкті торлағанда,*
*Рухын адамзаттың қорлағанда,*
*Бауыржан, Мәліктерім қолды бастап,*
*Адамзат ар-намысын қорғағандар.*

***Қайырмасы:***

*Көкшеден шықты ерлерім топты жарып,*
*Ту тіккен ерлікке Абылай жолды салып.*
*Үлгісін батырлардың жалғастырған*
*Ұрпақтың ар бейнесі батыр Мәлік.*

*Түбінде Мәскеу, Ресей жері үшін,*
*Ер қазақ аямаған барлық күшін,*
*Халықтар достығының шырағындай*
*Лаулаған батыр Мәлік ерлік ісі.*

***Қайырмасы:***

*Ұрпаққа ұлы ұстаз, ғалым едің,*
*Көтерген ауыр жүкті нарым едің,*
*Арманға тәуелсіздік қолы жетіп,*
*Еске алар ерін қазақ қалың елім.*

***Қайырмасы:***

*Жан едің жаны жайсаң, терең сыры,*
*Ұрпаққа шұғылалы төккен нұрын.*
*Ерлігін батыр Мәлік аңыз қылып,*
*Арнаған өрендері ән мен жырын.*

***Қайырмасы:***

## Ақтоқты-Балқадиша ұрпағының әні

*Вальс екпінімен* *Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*




*Қызы боп Көкшетаудай тамаша елдің,*
*Биікке самғасын деп санасы ердің,*
*Ақтоқты – Балқадиша ұрпағынан*
*Тойына сері Ақанның ән әкелдім.*

***Қайырмасы:***

*Серуендеп сексен көлді жағаладым,*
*Жарасар айдынына шағаламын,*
*Жалғасын Ақан аға табамын деп,*
*Жігітін Көкшетаудың ағаладым.*

*Гүлденем кербез Көкше қырындай боп,*
*Толықсып Ақанның ән-жырындай боп,*
*Өмірін өрнектеймін туған елдің*
*Ақтоқты – Балқадиша сырындай боп.*

***Қайырмасы:***

*Желбіреп Абылайдың ақ туындай,*
*Үлбіреп Үкілі Ыбырай Гәккуіндей,*
*Аруы Көкшетаудың көз тартады,*
*Көлінің ерке құсы аққуындай.*

***Қайырмасы:***

## Кербез Көкше Көкені

***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***




*Кекшетау жердің көркемі,*
*Сал-серілер мекені.*
*Әйгілі бүгін қазаққа*
*Кербез Көкше Көкені.*
*Айтыскер ақын майталман,*
*Мүддесін елдің айта алған,*
*Мектебінен нәр алып,*
*Шәкірттері жайқалған.*

***Қайырмасы:***

*Көкендей Көкше ұлы бар,*
*Құмартқан жұрты жыры бар,*
*Біржан, Ақан, Ыбырай,*
*Шәкен, Мұса үлгісін*
*Жалғастырған. жалғастырған сыры бар.*

*Тәуелсіздік жол ашып,*
*Серпіліп Көкше саласы,*
*Жетпіске жетті жарқырап*
*Көкендей елдің ағасы.*
*Шәкірті құшақ ашады,*
*Асқақ та әнге басады,*
*Біржан салдың ізімен*
*Шашуды әнмен, шашуды әнмен шашады.*

***Қайырмасы:***

## Көктем келді Көкшеге

***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***

***Вальс екпінімен***




*Көктем келді Көкшеге, көктем келді,*
*Мұз құрсаудан босатып сексен көлді,*
*Лебі деп көктемнің қарсы аламын*
*Самал болып, аймалап, өпкен желді,*
*өпкен желді.*

*Көктем келді Көкшеге, көктем келді,*
*Өн мен жырын бұлбұл боп төксем бе енді,*
*Үлгі, өнеге ұрпаққа қалатындай,*
*Мәңгі көктем жемісін ексем бе енді,*
*ексем бе енді.*

*Көктем келді Көкшеге, көктем келді,*
*Жасыл, көкке бояйды көк пен жерді.*
*Көңіл мұзын еріті нұрлы шуақ,*
*Толқытады, тербейді сексен көлді,*
*сексен көлді.*

## Көкшеге кел

***Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Сөзі: Айдос Әбутәліпов***




*Аңсаған құстай қайтып Көкшеге кел,*
*Қарсы алар қыр қызғалдақ көк майса бел,*
*Жайылған ақ дастарқан кең пейілді,*
*Ежелден ердің құты маймандос ел.*

***Қайырмасы:***

*Ее...ей! Сал-серілер ән тербеткен,*
*Еркелеткен, меймандос ел,*
*Көкшеге кел!*

*Түлетер жас сәбидей жұмағы жер,*
*Тарқайды құшағында дерт пенен шер,*
*Жайқалған алтын дәні даласында,*
*Теңіздей толықсыған сарыала бел.*

***Қайырмасы:***

*Ее...ей! Жанға жайлы*
*Малға майлы, кенді өлке,*
*Сарыала бел, Көкшеге кел!*

*Керемет көрем десең Көкшеге кел,*
*Жетелер жұпар иісті мап-майда жел,*
*Қол созып сексен сұлу-сексен көлі,*
*Жаныңды жадыратар, толқынды сел.*

***Қайырмасы:***

*Ее... ей! Арулары аққуды өпкен,*
*Гәккулеткен, толқынды сел,*
*Көкшеге кел!*

*Шарқ ұрған сақ қырандай Оқжетпес өр,*
*Ойыңды әуелетіп көкке өрлетер,*
*Көкшетау Абылайхан ақ ордасы*
*Қазаққа қасиетті, аяулы төр.*

***Қайырмасы:***

*Ее...ей! Атақты жер, ардақты ел,*
*Ерлерге бел, аяулы төр,*
*Көкшеге кел!*

# Мектебім

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*

*Вальс екпінімен*




Қайырмасы:
ал - ған нә - рін.
Мек - те - бім,
мек - те - бім,
Ө - зің - де көк - те - дім,
Мәң - гі - лік нұр - сәу -
ле
Жо - ны - ма
төк - ке - нің

*Мектебім Көкшетауда берген білім,*
*Ұясы батыр Мәлік, Мыңбай ғалым,*
*Ғасырға жуық қазақ ұрпақтары*
*Сусындап мөлдірінен алған нәрін.*

***Қайырмасы:***

*Мектебім, мектебім,*
*Өзіңде көктедім,*
*Мәңгілік нұр – сәуле*
*Жаныма төккенің.*

*Мектебім жанұядай жылылығың,*
*Шамшырақ жарқыраған нұры білім,*
*Үйрендім сүюді Отан өзіңнен мен,*
*Даламның даналығын, ұлылығын.*

***Қайырмасы:***

*Гүліндей кең даламның еркін өскен,*
*Арқаның сағымындай самалы ескен,*
*Ұстаздың аялаған алақаны,*
*Шәкірттік балдәуренім кетпес естен.*

***Қайырмасы:***

# Ән Сәуле

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Төлеген Қажыбаев*

*Шалқыта, еркелете*




*Нұрлы Сәуле, сырлы Сәуле, жан Сәуле,*
*Көкірекке саз қондырған ән Сәуле.*
*Алты ауылдың басын қосқан бір кезде,*
*Бар жақсылық бір өзіңе тән, Сәуле.*

*Жасыл Сәуле, асыл Сәуле, бақ Сәуле,*
*Ұрпақтарға алтын тұғыр тақ, Сәуле.*
*Ұран болар ұрпағының мекені,*
*Көңілдерге шырақ нұрын жақ, Сәуле.*

*Сәуле жыры таусылмайды мәңгілік,*
*Біржан салым толғап өткен ән қылып,*
*Ата мекен, құт орнаған ақ мекен,*
*Ұрпақтармен жалғас табар жаңғырып!*

# Сыр

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Төлеген Қажыбаев*




*Өзіңнің ойлы жүзіңнен*
*Мөлдірін ұқтым көңілдің,*
*Көзіңде сонау сүзілген*
*Сырлары қанша өмірдің?!*
*Сезімнен нәзік жаралған*
*Бейне бір үркек киіктей,*
*Алдымнан өтсең ақ арман*
*Кеудемде ұшар биіктей.*
*Оранып сезім селіне*
*Кездерім жоқ-ау тыншыған,*
*Көңілдің қоншы көліне*
*Аққуым болып сыңсыған.*

## Ел шетінде

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*




*Келгенде ел шетіне аялдаймын,*
*Ауасын қанша жұтсам тоя алмаймын.*
*Сусындап, ат шалдыртам, тебіренем,*
*Әдетім бойға сіңген қоя алмаймын.*

*Есейіп, ер жетіп мен оралғанда,*
*Балалық қайта келіп нәр алғандай,*
*Ел-жұртым, мен алдыңда тұрсам деймін*
*Таң нұры - шолпанынан жаралғандай.*

*Келмесе бұл қолымнан кешіріңдер,*
*Шығармын жетілмеген, өсіріңдер,*
*Боламын әлі сәби ұлғайсамда*
*Ардақты ел-ананың бесігінде.*

## Елді аңсау

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Қуанышбек Оразалинов*

*Әндете*




*Мен елімнен кеткелі,*
*Сағыныш сазы иектеді,*
*Қызықтар көрген шеттегі*
*Елдегіге жетпеді.*
*Жер-ұйық мекендесем де,*
*Туған жер жүрсің есімде.*
*Бозбала күннің бояуы*
*Сіңіп те қалған төсіңде.*

*Ардақты, елім, армысың,*
*Зерделі қарттар бармысың?!*
*Анадай болған әжелер*
*Жүздің жүр жырлап жарғысын*
*Ағаларым, кемеңгер,*
*Сөзімді артық демеңдер.*
*Жабыққан жанды сезінер*
*Асыл да текті көнелер.*

*Мен елімнен кеткелі,*
*Сағыныш сазы иектеді,*
*Қызықтар көрген шеттегі*
*Елдегіге жетпеді.*
*Жер – ұйық мекендемесем де,*
*Туған жер жүрсің есімде.*
*Бозбала күннің бояуы*
*Сіңіп те қалған төсіңде.*

## Саған, Отан, өнерім

***Жылдам, жігерлі*** — ***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***




*Мен баламын өрімтал,*
*Туған жерім кербез, сал.*
*Жарқыраған ай, күндей*
*Қазақстан елім бар,*
*Сусындаған нәр алып,*
*Айдын шалқар көлім бар,*
*Шың, құздары көз тартар,*
*Шынықтырар өрім бар.*

***Қайырмасы:*** *Ее...ей!*

*Ұлан байтақ даласын,*
*Көкше, Алатау арасын,*
*Сарыарқа құнарлы,*
*Кенді өлке саласын,*
*Атырау мен Ақтөбе –*
*Қара алтынның шарасын*
*Игілікке игерер*
*Мен қазақтың баласы.*

***Қайырмасы:***

*Саған, Отан, өнерім,*
*Сенсің тірек, сенерім,*
*Білім беріп, мәпелеп,*
*Құшағыңа бөледің.*
*Тәңірімнің жұмағы –*
*Бір өзіңе теңерім.*
*Жүрегімде мәңгілік*
*Ұяладың сен, елім!*

***Қайырмасы:***

*Мен баламын өрімтал,*
*Туған жерім кербез сал,*
*Жарқыраған ай-күндей*
*Қазақстан елім бар,*
*Желбіреген көк байрақ,*
*Ашық аспан көгім бар,*
*Үлгі болар достығы*
*Сыйлы әлемге төрім бар.*

***Қайырмасы:***

## Мен бақытты баламын

***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***

***Көңілді, шаттана***



*Қойнауында жерімнің,*
*Құшағында елімнің,*
*Бесігінде тербеліп,*
*Таспасындай өрілдім.*

***Қайырмасы:***

*Ұланымын даланың,*
*Сүйікті Отан ананың,*
*Еркін елдің еркесі*
*Мен бақытты баламын.*

*Аялаған ата-анам,*
*Мәпелеген ел-Отан.*
*Өнер, білім нәрімен*
*Көркейген мен балақан.*

***Қайырмасы:***

*Алтын ордам - Астанам*
*Жаңа дәуір бастаған,*
*Ата-баба рухын*
*Жаңғыртады асқақ ән.*

***Қайырмасы:***

# Әке қуанышы

*Орташа екпінмен* *Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*



*Қуанышы әке,*
*Жұбанышы әке – баласы,*
*Әкелік сезім*
*Балаға қамқор –*
*Тауындай асқар панасы.*
*Қанатын қомдап,*
*Биікке самғап ұшса да,*
*Тілегін тілеп,*
*Батасын берер*
*Тағы да ата–анасы.*

*Еркелеп бала*
*Асылар әке мойнына.*
*Жемісін көріп,*
*Көңілі толып,*
*Жасайды әке тойын да.*
*– Баламды көр – деп*
*– Бағаңды бер –деп еліне,*
*Шалқиды әке,*
*Балқиды ана,*
*Қуанышы сыймай қойнына.*

*Көңілі көлдей,*
*Пейілі селдей ата–ана,*
*Ағайын, достар*
*Тойыңды қостар*
*Риза болып шаттана.*
*Еркелеп өскен,*
*Кіндікті кескен туған ел,*
*Болсын деп жолы,*
*Созады қолын*
*Құлынына, ботаға.*

## Мына жалған

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*




*Мына жалған барады менен де өтіп,*
*Желкен жетпіс желдіртіп, өлеңдетіп.*
*Қайран, дүние қызығы таусылмайтын*
*Кімдер келмес өзіңе, кімдер кетіп.*

*Талай дана, хандарды ұлықтаған,*
*Қайран, дүние өтер де қызықтаған.*
*Сыйластықпен сырласып жүрейікші*
*Біткенінше өлшенген сызық - қадам.*

*Құр биліктен мақсатқа жете алмайсың,*
*Оны өнеге ұрпаққа ете алмайсың.*
*Аққан судай бұл байлық қайырымсыз,*
*Лақатқа арқалап кете алмайсың.*

*Сондықтан да тірлігің, амандығың -*
*Ағайын, дос ел-жұртқа адалдығың -*
*Сал-серілік өнерді жалғастырған -*
*Ел алдында танылды қадам бүгін.*

# Айналайын

*Сөзі: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Әні: Арман Ищанов*




*Екі ғасыр арасымын,*
*Екі көздің қарасымын,*
*Қазақстан болашағы*
*Тәуелсіз ел баласымын!*
*Жаңа өмірдің арнасымын,*
*Елге арналар бар асылым.*
*Өнер, білім жолын қуған*
*Ата-баба жалғасымын.*

***Қайырмасы:***
*Би билейік, айналайын,*
*Күй күйлейік, айналайын,*
*Көркем сөздің көркін ашып*
*Тамылжытып ән салайын.*
*Би билейік, айналайын,*
*Күй күйлейік, айналайын,*
*Елге өнерпаз сән болайын,*
*Айналайын, айналайын, айналайын!*

*Өсіреді мені ерім,*
*Мәпелейді мені елім,*
*Асыл арман аялаған*
*Ұрпағыңмын артар сенім.*
*Екі ғасыр арасымын,*
*Екі көздің қарасымын,*
*Қазақстан болашағы*
*Тәуелсіз ел баласымын.*

***Қайырмасы:***

## *Қазақстан елім менің*

***Сөзі: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Әні: Ерлан Ташев***



*Аспанында ақ нұр көшкен,*
*Қойнауында гүлдер өскен,*
*Туған жерім тәй-тәй басқан,*
*Тұсауымды менің кескен,*
*Аунап- қунап сайран құрған,*
*Қызықтарым кетпес естен,*
*Гүлдене бер, туған елім,*
*Еркіндіктің самалы ескен.*

***Қайырмасы:***
*Қазақстан елім менің,*
*Ұлан байтақ жерім менің,*
*Туып, өсіп өзіңде мен*
*Ұланың боп өрілемін.*
*Астанадай жаңа ордам,*
*Қасиетті төрім менің*
*Махаббатым ән мен жыр боп,*
*Арналады өзіңе, елім.*

*Таулары бар бұлттан асқан,*
*Көлдері бар шалқып, тасқан,*
*Кең жазира даласындай,*
*Кең пейілді ел құшақ ашқан,*
*Бейбітшілік сырын сақтап,*
*Маужыраған ашық аспан,*
*Жұмақ мысал, жер ұйығым,*
*Жерім менің Қазақстан.*

***Қайырмасы:***
*Қазақстан елім менің,*
*Ұлан байтақ жерім менің,*
*Туып, өсіп өзіңде мен*
*Ұланың боп өрілемін.*
*Астанадай жаңа ордам,*
*Қасиетті төрім менің*
*Махаббатым ән мен жыр боп,*
*Арналады өзіңе, елім.*

# Арқаның аруы

Сөзі, әні Тасқара Иран Тасқараұлы




Қайырмасы:
қы - сы жа - зы ки - і - мі бар.
Ар - қа - ның ма - ра - лы.
Же - рі - це о - ра - лып.
Ма - хаб - бат ко - зі - нен
Кет - сей - ші нар а - лып,
Кет - сей - ші нар а - лып.
Қайталау үшін
Соңы
ны.




*Көкшенің қыз мүсінді биігі бар,*
*Еліктей еркелейтін киігі бар.*
*Малынған әсем шырша, қыз-қарағай*
*Жап-жасыл қысы – жазы киімі бар.*

***Қайырмасы:*** *Арқаның маралы,*
*Жеріңе оралып.*
*Махаббат көлінен*
*Кетсейші нәр алып,*
*Кетсейші нәр алып.*

*Арқаның төсіндегі алқасындай,*
*Көкшетау көз жанарын тартасың да-ай.*
*Бір иіскеп жұпарыңды кеткен адам.*
*Өмірі жақсы көрер қалқасындай.*

***Қайырмасы:*** *Арқаның асылы,*
*Адамның ғашығы,*
*Өзіңе келемін*
*Сағынып, асығып,*
*Сағынып, асығып.*

*Арқаның ақ маңдайлы аруындай,*
*Ғашықтық, махаббаттың қаруынды-ай.*
*Болғанда емің-шипа, демің-ләззат,*
*Мен дағы қоймайыншы баруымды-ай.*

***Қайырмасы:*** *Арқаның аруы,*
*Жүректің зәруі,*
*Ғашықтар қоймасын*
*Өзіңе баруын,*
*Өзіңе баруын.*

# Балбөбек

*Сөзі: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Әні: Арман Ищанов*




*Күлімдеген жарқын күн*
*Тәуелсіз ел көгінен,*
*Балбөбекпіз шалқып үн,*
*Ән мен жыры төгілген.*
*Қанат қағып өнерге,*
*Жігерленген күй күйлеп,*
*Бұлбұл боп ән төгерде.*
*Қуанатын би билеп.*

***Қайырмасы:***

*Балбөбектер ән салады*
*Туған елмен қауышып,*
*Алда конкурс "Жас қанат ",*
*"Азия дауысы ".*

*Болашақтың арманы,*
*Үміт артар сырымыз,*
*Ертеңгінің ар таңы,*
*Жарқырайтын нұрымыз.*
*Ел басына қара бұлт*
*Ешқашанда төнбесін,*
*Аман болып ел мен жұрт,*
*Бейбіт күнім сөнбесін.*

***Қайырмасы:***

## Дамираның ұзатылуына

***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***




*Қазақта құдалықтың ізі құнды,*
*Десек те ұзататын қызы мұнды.*
*Ел – жұртың тойлап жатыр, Дамиражан,*
*Көре алмай кеткен әке қызығынды.*
*Мәңгілік махаббатпен құдай қосқан,*
*Тілейік бақытты өмір екі жасқа.*
*Екі ел құдандалы туыс болдық,*
*Мың жылдық жолды енді, құда, баста.*

***Қайырмасы:***

*Абайжанның ұрпағы*
*Ұядан ұшып түледің.*
*- Жарылқасын алдыңнан –*
*Әндеткен ата тілегі.*
*- Ауылыңды ұмытпа,*
*Төркінің болар тірегің.*

*Қуаныш құтты болсын, балаларым,*
*Ұл–қызын әлпешетеген, аналарым.*
*Тарайтын жаңа ұрпақ екі жастан*
*Көркейтсін елдік жолдың салаларын.*
*Бүгін той ән мен жырым жарысқандай,*
*Сал Көкше, Ахау Семей табысқандай.*
*Елдіктің еркіндігін сезінейік*
*Біржан Сал ұлы Абаймен қауышқандай.*

***Қайырмасы:***

## Еркіндіктің әнұраны

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Қасымбек Бейсенов*

*Жүрдек, марш екпінмен*




*Ұмытпа, ешқашан ұлтжанды бауырым!*
*Еркіндік жаршысы - Желтоқсан дауылын!*
*Бодандық меңіреу ұйқыдан оятқан*
*Қазақтың даласын, қаласын, ауылын, ауылын.*

***Қайырмасы:***
*Жасасын, тәуелсіз Қазақстаным!*
*Жасасын, мәңгілік Азатстаным!*
*Бастасын береке - бірлікке,*
*Жаңғырған, жаңарған тірлікке.*

*Күн асты көгінде самғасын қыраның,*
*Сақталсын мәңгіге кең, байтақ тұрағың!*
*Азаттық, туыстық, бақыт пен бірлік, - деп,*
*Жазылсын туына Алаштың, Алаштың ұраны!*

***Қайырмасы:***

*Дамыған елдермен терезең тең болып,*
*Жазира даландай құшағың кең болып,*
*Өркениет шыңына өрлей бер шарықтап,*
*Береке дарыған іргелі, іргелі ел болып.*

***Қайырмасы:***

## Астана

***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***

***Шалқыта***




*Төсінде Сарыарқаның сағымданған,*
*Ежелден қазағымның бағы болған.*
*Абылай-Кенесары туын тігіп,*
*Намысын елдігімнің қорғап қалған.*

***Қайырмасы:***

*Жаңа дәуір бастаған,*
*Қазағым алға бас қадам*
*Елдігімнің - кіндігі,*
*Астанам менің бас қалам.*

*Арқадай қасиетті жер жәнnаты,*
*Ерлікпен, серілікпен шыққан даңқы.*
*Құт болсын елдігіне қазағымның*
*Ұлы көш Нұрсұлтанның салтанаты.*

***Қайырмасы:***

*Алтайым жарқыраған күнгей жақтан,*
*Оңтүстік - Алатауым аспанға атқан.*
*Ортада Қарағанды, Көкшетауым,*
*Батыста Маңғыстауым мұнайы аққан.*

***Қайырмасы:***

*Тәуелсіз елдікті аңсап жолды салған,*
*Ұрпаққа үлгі-өнеге із қалдырған,*
*Өсиетін ата-баба орындадық,*
*Біздерге бұдан артық бар ма арман?*

***Қайырмасы:***

# Ақмола-Көкше

*Сөзі: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Әні: Арман Ищанов*

♩=70




*Арқада Астанамыз нұрын шашты,*
*Ақмола Көкшетаумен құшақтасты,*
*Желбіреп тәуелсіздік нұрлы туым,*
*Елдігім болашаққа қадам басты.*
*Зеренді, Ерейментау, Оқжетпесім,*
*Тебіреніп қоштағандай өмір көшін.*
*Қорғалжын, Қоржынкөлім, Сексен көлдер*
*Толқындап толтырар ел несібесін.*

***Қайырмасы:***
*Көкше – Ақмола жерлерім,*
*Таулы орман, көлдерім,*
*Жайсаң шуақты белдерім,*
*Көңілді тербедің,*
*Елдікке өрледің.*

*Көріңдер қонақжайлы елдерімді,*
*Ер көңіл, жаны сері ерлерімді,*
*Аққудай гәккулеткен аруларды,*
*Талпынған көкке қыран-өр көңілді.*
*Жеткенде Ақмола асқар кемеліне*
*Қол созған Көкшетаудай өреңіне.*
*Жол ашып ұрпақтарға сыйынайық*
*Қазақтың қасиетті өнеріне.*

***Қайырмасы:***

## Біржан сал еліне

***Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Сөзі: Айдос Әбутәліпов***

***Кең, баппен***




*Көкшенің қандай ғажап атырабы,*
*Шежіре не бір сырға батырады.*
*Аққумен үнін қосқан сал Біржанның*
*Ардақты елі, жері шақырады.*

*Жөкейдің жадыратар қоңыр желі,*
*Көктөбе, Бүркітті тау асқар белі.*
*Меймандос ойнап күлген күндер ыстық,*
*Жүректен орын алды ордалы елі.*

***Қайырмасы:***

*Жөкейдің жадыратар*
*қоңыр желін,*
*Сағындым той-думанды*
*Біржан елін,Біржан елін.*

*Жерінің үсті жұпар, асты алтын,*
*Тоғысқан төрінде сан талай халқым.*
*Біржан Сал, Елебаев ел еркесі,*
*Әнімен әлемге аян жеткен даңқы.*
*Өткізген талай жылдар, күндерім бар,*
*Жұлдызды қоңыр мақпал түндерім бар,*
*Дәміңе ақ дастарқан қарыздармын*
*Өзіңде терілмеген гүлдерім бар.*

***Қайырмасы:***

## Бурабай-Көкше

***Сөзі: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Әні: Арман Ищанов***




*Көңілдің мәңгі жазы*
*Сал - сері сәнді сазы,*
*Көкшетау - тәңірім,*
*Жүректе ән-жырым,*
*Сұлулық таңғы назым.*

***Қайырмасы:***

*Бурабай - Көкшем,*
*Жұпарың ескен,*
*Бұралған биші ақ қайыңдар.*
*Оқжетпес - өрім*
*Жұмбақтас - төрім,*
*Аңсаған суыңды көк айдындар.*

*Қазақтың жаз жайлауы,*
*Елдіктің ақ жайлауы,*
*Нұрланған ажарым,*
*Тарқамас базарым,*
*Көкшетау – жер жұмағы*

***Қайырмасы:***

*Серісі Астананың,*
*Жүрегі Ақмоланың.*
*Қонағын қарсы алған,*
*Достыққа жар салған,*
*Көкшетау - асқақ әнім.*

***Қайырмасы:***

# Біржан, Ақан

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*

*Көтеріңкі көңілмен*




ған, Ті-рі-ді Бір-жан сал мен А-қан се-рі
1.
2.
е е е - е - е

*Бөленді қуанышқа Көкше елі,*
*Тебіреніп тау мен орман, Сексен көлі.*
*Қазағым ән мен жырын аңыз қылған,*
*Тірілді Біржан сал мен Ақан сері.*

*Аруағы бабалардың әлі асып тұр,*
*Өнерлі ұрпағына жол ашып тұр.*
*Алдында Мәдениет сарайымның.*
*Сал, сері мүсіндері жарасып тұр.*

*Аялап мүсіндерді жанды етемін,*
*Өмірді жырларыңдай мәнді етемін.*
*Болғасын ұрпағынан Біржан, Ақан,*
*Іздерін жалғастырып әндетемін.*

*Қазаққа әнсіз ішкен ас батпаған,*
*Ән салса дұшпанына тас та атпаған.*
*Әсем үн, асқақ әуен, мың бұралған,*
*Қазақтың әні Біржан асқақтаған.*

*Үш жүзге мәлім Біржан жақындығы,*
*Белгілі сөздерінің нақылдығы.*
*Айтысы «Біржан – Сара» үлгі бізге,*
*Ақиық Біржан салдың ақындығы.*

*Ақжігіт – ақын, әнші, ақылды ерім,*
*Аталған сырлы мінез Ақан серім.*
*Әуенің жібек мінез жібіндей боп,*
*Тарқатқан сұлулардың нәзік шерін.*

*Сайраған Орта жүздің бұлбұлы Ақан,*
*Жүйрігің Құлагердей дүлдүл Ақан.*
*Сырымбет әнің сенің, елің сенің*
*Сұлудың Ақтоқтыдай тұғыры Ақан.*

# Әнім менің

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*




*Әнім менің, сәнім менің,*
*Әнім менің, жаным менің,*
*Көкірекке нұр толтырған*
*Шапақ атқан таңым менің.*

*Асқақтатқан, аңыратқан,*
*Бірде жаяу қоңырлатқан,*
*Самал желдей желпіп өтіп,*
*Жанған жанды сабырлатқан.*

*Түрлендірген жиын-тойды,*
*Қайрат берген серпіп бойды.*
*Таратасың, салсам саған*
*Қайғы-қасірет, қалың ойды.*

*Әнім менің, қаным менің,*
*Тұрған жерің  жалын сенің.*
*Әнім кетсе мені тастап,*
*Шығар бірге жаным менің.*

# Ақ орда – бәйтерегім

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*




*Нұрсұлтан ерлігінің бастамасы -*
*Тәуелсіз Қазақстан Астанасы,*
*Еркіндік елдігіме алтын діңгек -*
*Қазақтың қара шаңырақ баспанасы.*

***Қайырмасы:***

*Елдігімнің тілегі,*
*Күш қуаты, білегі,*
*Отаным деп соғатын*
*Лүпілдеген жүрегі,*
*Көк байрағы, қыраны,*
*Достық әні, ұраны –*
*Астана ел, Астана ел,*
*Астана ел тірегі!*

*Аңсаған ата-баба арманындай,*
*Соғылған мәңгілікке қорғанымдай,*
*Қазақтың Еуразия өрнегіндей,*
*Әлемдік салтанаттың талғамындай*

***Қайырмасы:***

*Арқаның кербез, сұлу саласында,*
*Орман көл, жасыл желек арасында,*
*Ақ орда – бәйтерегім жарқыраған*
*Есілдің алтын аймақ жағасында.*

***Қайырмасы:***

## Тұсау кесер

***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***

***Көңілді, жігерлі***




*Кербез Көкше, сұлу Көкше бойында,*
*Аталардың, әжелердің*
*тілектері ұрпаққа айтар ойында.*
*Сол тілектер сексен көлдей,*
*сексен көлдей ағылды*
*Бөбегінің тұсау кесер,*
*тұсау кесер тойында.*

***Қайырмасы:***
*Тұсау кесер, тұсау кесер осы той,*
*Әнге басып билеңіздер,*
*билеңіздер жазып бой.*

*Туған елім тұсауын ер кесесін,*
*Құлыншағым, енді ертең тәй-тәй басып,*
*құйындатып кетесің,*
*Тұсауыңды Көкше жұрты,*
*Көкше жұрты кескесін,*
*Арманыңа асқар таудай,*
*Заңғар көктей жетесің.*

***Қайырмасы:***

*Кекіліңнен сипады елім жас құлын,*
*Адамдықтың, адалдықтың*
*көкке өрлетер, өркендетер шаш нұрын,*
*- Ешқашанда ала жібін*
*адамдардың аттама -*
*Деген сақта қазағымның,*
*қазағымның дәстүрін.*

***Қайырмасы:***

## Ертісте туған ерке қыз

***Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Сөзі: Кәкімбек Салықов***

***Еркелете***



*Сөйлесе тәтті тіл қандай,*
*Жүзінен тамған нұр қандай?!*
*Жүзімдей үзер жүректі,*
*Сыңғыры сылқым үн қандай?!*
*Әндетсе аспан тұнғандай,*
*Бір өзі мың той құрғандай,*
*Ғажайып, көркем жан екен,*
*Таңшолпан жайнап тұрғандай.*
*Билесең билер бұлданбай,*
*Сыйласаң сыйлар сынға алмай,*
*Құлшынып тұрған қыз екен,*
*Құдаша болып туғандай.*
*- Бұл кім? - деп сонда сұрасаң,*
*Құпия, жабық сыр ашам:*
*Ертісте туған ерке қыз,*
*Перизат менің құдашам.*

## *Қазағым қайда барасың?*

***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***

*Әндете*




Тәуелсіздік туын қолға алып
Құруға елдік жол салып,
Аруақтарды ескеріп,
Өткенді ойлап, толғанып,
Жүректің жазып жарасын,
Өмірмен болмай таласың.
Қарайлай беріп артыңа,
Қазағым, қайда барасың?!

Тамыры шаруа құрысып,
Саудаға қызу кірісіп,
Шенеунік өкілің
Жалпақтап бірде, бірде ісіп,
Өзінің білмей шамасын,
Арттырып елге бағасын
Азайып ерлер елді ойлар,
Қазағым, қайда барасың?!

Жолыңды дұрыс бастадың,
Асықпадың, саспадың,
Жол берем деп жастарға
Ерлерді сырып тастадың
Қуартып байтақ даласын,
Азайтып малға саласын.
Іздегенің той болып,
Қазағым, қайда барасың?!

Ала да білдің білімді,
Дамыта білдің ғылымды,
Өз тіліңді менсінбей
Кетірдің ұлттық нұрыңды,
Ұрпақтың улап санасын,
Шет елден үлгі аласың,
Таптатып ұлттық намысты.
Қазағым, қайда барасың?!

Қартайғандарды ұнатпай,
Кішіге ақыл сұратпай,
Көктен түскен білгіш боп.
Өзгеріп ісің сынаптай.
Пара берсе аласың,
Айырмай ақ пен қарасын
Күн сайын алдап құдайды,
Қазағым, қайда барасың?!

Қазаққа бақ қона ма,
Бүйте берсе оңа ма,
Ата бабам аңсаған
Кіре ме елдік санаңа?
Көтерсең ұлттың бағасын.
Әлемде орын табасың,
Кеш емес, ойлан, қазағым,
Қазағым, қайда барасың?!

## Кеншілер кездесуі

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*

*Ойлы, әндете*




*Ғасырға жарты жеткенде*
*Кездесті кенші түлектер,*
*Студенттік өмір - көктемде*
*Соққан да бірге жүректер.*
*Өмір де өтті бір талай,*
*Сырғиды артқа қарамай.*
*Ата да болған жайың бар,*
*Хал қалай, достым, хал қалай? (3 рет)*

*Ата да болған жайың бар,*
*Туғызған тағдыр уайым бар:*
*Дүниеден өтті серіктер*
*Галанов, Марат, Сайындар.*
*Дүниенің өтер көші бар,*
*Өмірде достар үлесі бар,*
*Тірлікті сыйлап, өткенді*
*Есіңе ал, достым, есіңе ал. (3 рет)*

*Көп пе елге берген өнімің,*
*Асылын теріп кенінің,*
*Инженер адам болдың ба*
*Ұстаздың ақтап сенімін?*

*Алғыс та айтам толғана.*
*Ұстазға берген жолдама,*
*КазПТИ - асқар биігің,*
*Басыңды ій, достым, ордаңа! (3 рет)*

*Сыйлайын орта жасты да,*
*Ағарған самай шашты да,*
*Көп сырды ашты біздерге*
*Үсті де жердің, асты да.*
*Қиындап өмір бүгінде*
*Арытты ауыр жүгін де,*
*Тәуелсіз елге қызмет ет,*
*Бүгілме, достым-бүгілме! (3 рет)*

*Уақытында доспен келіскен*
*Тамаша қандай көріскен*
*Ұмытпайық жастық мезгілді*
*Бір үзім нанды бөліскен.*
*Сұлулық салған із барда*
*Қайран да жүрек сыздар да,*
*Бірге оқып, бірге ойнаған*
*Басыңды ій, достым, қыздарға! (3 рет)*

*Сағынып келдім досымды,*
*Білімді берген қосымды*
*Көкшенің кербез үнімен*
*Білдірем көңіл хошымды.*
*Жүзіңді аңсап көргенше,*
*Қол қысып сәлем бергенше,*
*Тағаттық таппас сағыныш*
*Құшағына достың енгенше. (3 рет)*

# Алтын той

**Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы**




*Кір жұқтырмай көңілге,*
*Көңіл қалмай өмірге,*
*Ағам, жеңгем шалқиды*
*Туып, өскен өңірде.*

***Қайырмасы:***

*Бірі елдің ағасы,*
*Бірі ердің анасы*
*Ағам, жеңгем гүлдеп тұр*
*Жарты ғасыр жарасып.*

***Қайырмасы:***

*Ата берсін таңдарың,*
*Таусылмай да бал-нәрі,*
*Досқа қымбат, ардақты,*
*Шуағы нұр, жандарым.*

***Қайырмасы:***

*Қара да бар, ханы бар,*
*Осы тойда бәрі бар,*
*Жақсы-жайсаң қосылған*
*Жиынның бал нәрі бар*

***Қайырмасы:***

***Қайырмасы:***

*Бүгін думан, жарқын той,*
*Мәртебелі алтын той,*
*Қуанғанда, қазағым,*
*Той тойлайтын салтың ғой.*
*Ағамыз, жеңгеміз,*
*Құтты болсын алтын той,*
*Жарқын той,*
*Құтты болсын алтын той.*

## Сарыарқа сағынышы

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*

*Шалқыта!*




*Жастығым лаулап жайнаған,*
*Қазаны еңбек қайнаған,*
*Ұл-қызым туған Отаным,*
*Тұғырға алтын байлаған,*
*Жер астын шарлап кенші боп,*
*Табаным тастан таймаған -*
*Қазақтың белді мекені,*
*Сарыарқам, сенен айналам!*

*Сағыныш билеп сезімді,*
*Еске алам жастық кезімді,*
*Мыс қорытушы, кенші қауымды,*
*Алтынға балап жезімді...*
*Көз көрген көне қария*
*Өсиет қыл айтар сөзіңді.*
*Жезқазған - төрім, сәлем ал,*
*Балаң боп бауырым езілді!*

*Қуанышбек, Гурба, Садығым –*
*Кеншілік қазына азығым,*
*Сіздерді жоқтап асылдар*
*Күңіренер Иран сазы мың.*

*Қасымхан, Тұрман, Мұраттар –*
*Жарасқан достық әзілім.*
*Қайдасыңдар, қайран кеншілер –*
*Жайсаңдары Жезқазған жазының?!*

*Буфеев, аға Әбекем –*
*Кеншіміз, күйші әндеткен,*
*Шынболат – дархан дарыным*
*Жезқазған төрін сәнді еткен.*
*Сендер де өтіп фәниден.*
*Шолағына дүние көз жеткен.*
*Қайдасың жастық жалыным –*
*Әндетіп кенді селдеткен?!*

*Аңсаған мен бір балаңмын*
*Шайырлы иісін даланның,*
*Сарысу, Кеңгір, Жездідей*
*Сыңсыған әнін салаңның.*
*Сусындап қайтар көлінен*
*Жезкиік болып оралдым.*
*Ұлытау саған табынам,*
*Рухына Тайжан бабамның.*

*Күмбірлеп кеуде - сарайым,*
*Шалқыған ән-жыр маңайым.*
*Тәуелсіз елдік күн туды*
*Келтірген таңның арайын.*
*Өремді өскен көрсетіп,*
*Ән-жырдан шырақ жағайын,*
*Парызымды елге өтейін,*
*Қабыл ал, қолдап, ағайын!*

# Кеншілер кездесуі вальсі

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Маркус Саринжіп*




*Инженерлік ұядан*
*Аттандық алыс қияға,*
*Кездесуге әр бес жыл*
*Келістік сол ұяда.*

***Қайырмасы:***

> *Жиналдық біз тағы да,*
> *Университет залына,*
> *Ұстаздардың жанына.*
> *Қайда жүрсің, жан досым?!*
> *Құшақтайын сағына!*

*Жоғалтпай ар - намысты,*
*Еңбек те еттік табысты,*
*Ғалым болып жалғадық*
*Ісін ұлы Қаныштың.*

***Қайырмасы:***

*Игеріп тау, қыратты,*
*Ағыздық кеннен бұлақты,*
*Қазақстан тәуелсіз*
*Болсын деп бай, қуатты.*

***Қайырмасы:***

*Қасымхан, Тұрман, Мұраттар –*
*Жарасқан достық әзілім.*
*Қайдасыңдар, қайран кеншілер –*
*Жайсаңдары Жезқазған жазының?!*

*Буфеев, аға Әбекем –*
*Кеншіміз, күйші әндеткен,*
*Шынболат – дархан дарыным*
*Жезқазған төрін сәнді еткен.*
*Сендер де өтіп фәниден.*
*Шолағына дүние көз жеткен.*
*Қайдасың жастық жалыным –*
*Әндетіп кенді селдеткен?!*

*Аңсаған мен бір балаңмын*
*Шайырлы иісін даланың,*
*Сарысу, Кеңгір, Жездідей*
*Сыңсыған әнін салаңның.*
*Сусындап қайтар көлінен*
*Жезкиік болып оралдым.*
*Ұлытау саған табынам,*
*Рухына Тайжан бабамның.*

*Күмбірлеп кеуде - сарайым,*
*Шалқыған ән-жыр маңайым.*
*Тәуелсіз елдік күн туды*
*Келтірген таңның арайын.*
*Өремді өскен көрсетіп,*
*Ән-жырдан шырақ жағайын,*
*Парызымды елге өтейін,*
*Қабыл ал, қолдап, ағайын!*

# Кеншілер кездесуі вальсі

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Маркус Саринжіп*




*Инженерлік ұядан*
*Аттандық алыс қияға,*
*Кездесуге әр бес жыл*
*Келістік сол ұяда.*

***Қайырмасы:***

*Жиналдық біз тағы да,*
*Университет залына,*
*Ұстаздардың жанына.*
*Қайда жүрсің, жан досым?!*
*Құшақтайын сағына!*

*Жоғалтпай ар - намысты,*
*Еңбек те еттік табысты,*
*Ғалым болып жалғадық*
*Ісін ұлы Қаныштың.*

***Қайырмасы:***

*Игеріп тау, қыратты,*
*Ағыздық кеннен бұлақты,*
*Қазақстан тәуелсіз*
*Болсын деп бай, қуатты.*

***Қайырмасы:***

*Арнаға кең толыппыз,*
*Ата да әже болыппыз,*
*Ұл-қыз жалғап дәстүрді*
*Шыңына өмір қоныппыз.*

***Қайырмасы:***

## Қазақтың жезкиігі

***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***

***Вальс екпінмен***




*Қазақтың жез киігі,*
*Ақындық сөз биігі,*
*Қызыл жар, сұлу Көкше,*
*Сырымбет - кер миығы.*
*Барлық ел еркелеткен,*
*Әні аққу елге жеткен,*
*Үкілі Ыбырайдай*
*Кәкімбек асыл тектен.*

*Асыл кен инженері,*
*Еңбекте елдің ері,*
*Жалғаған өнерімен*
*Үлгісін сал мен сері.*
*Жезқазған - ерлік төрі,*
*Ұлытау - елдік белі,*
*Жетісу, Қарақалпақ -*
*Бәрінің ер түлегі.*

*Сарыарқа саңылағы,*
*Мәскеудің өр ұланы,*
*Шәкірті Қаныш аға*
*Тасытқан кен бұлағын.*
*Шабыты Құлагердей,*
*Жайылған сексен көлдей,*
*Жетпістің шалқарында*
*Ағылтсын тізгін бермей.*

*Бас иіп ұрпақ сізге,*
*Үлгі алар ізіңізден,*
*Тілейді саулығыңды,*
*Ғұмырлық жасты жүзден.*
*Аққудай көлде жүзген,*
*Қарсы алар жылы жүзбен,*
*Айналдым бапкеріңнен,*
*Мәриям жеңгемізден.*

# Баянауыл

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Шәмшия Айтжанова*




*Ата жұртым көзіме ыстық ежелден,*
*Сұлулық пен әсемдікке теңелген.*
*Сенде туып, сенен қуат алдым да,*
*Шыңға шығып, биікке өрлеп келем мен.*

*Жасыбайдың мөлдірінен нәр алдым,*
*Қызың болып, қызығың боп жаралдым.*
*Найза тасым көрінесің биіктен,*
*Ұя салған ақ иығы Оралдың.*

*Қарағай мен қайың, талың жарасып,*
*Жұрт сүйсінер келбетіңе қарасып.*
*Баянауыл неткен ыстық бауырың.*
*Құлының боп кетсем дағы қыр асып.*

*Туған жердің топырағын сан құштық,*
*Мен тілеймін өміріңе тыныштық.*
*Бүйірімнің орын алдың шетінен,*
*Баяным боп, жаным болып, сен ыстық.*

# Не жетсін өмір сүргенге

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*

*Сөзі: Мұқағали Мақатаев*

**Тебірене, жайлап**



*Асығып алыс күндерге,*
*Бір белден асып бір белге,*
*Адасып қалмай бір жерде,*
*Айсыз қара түндерде,*
*Отаныңда – іргеңде*
*Не жетсін өмір сүргенге!*

*Алысар жерде алысып,*
*Табысар жерде табысып,*
*Жүгенсіз асау өмірдің,*
*Жалына мықтап жабысып,*
*Жарысар жерде жарысып,*
*Жұртыңның қорғап намысын,*
*Халқыңмен бірге қауышып,*
*Не жетсін өмір сүргенге!*

*Отыңды бірге жағысып,*
*Тырыштап босқа күн көрме.*
*Тірлікте мына жүргенге,*
*Тұншығып қалма бір демде,*
*Тұншығып қалма тіл, кеуде!*
*Жарыққа мына не жетсін,*
*Не жетсін өмір сүргенге!*

# Жайсаң

*Əні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Кенен Əзірбаев*




*Сөйлесе білімді адам балдай татыр,*
*Сөз шықпас білімсізден таңдай татыр.*
*Жақтаған жақсы адамды үлгі алады,*
*Жаманнан түсер басқа заман ақыр.*

***Қайырмасы:***
*Өй-гөй-гөй, ги-ги...ей*

*Біреу жүр өзін-өзі билей алмай,*
*Біреу жүр келген бақты игере алмай,*
*Он саусақ қарап тұрсаң бірдей емес,*
*Біреу жүр жалғыз басы күн көре алмай.*

***Қайырмасы:***

# Сәби сезім

*Сөзі: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Әні: Ерлан Ташев*




*Жарқыраған құрбы қыздар –*
*Ақ көңілдің ажары,*
*Жымыңдаған ақ жұлдыздар –*
*Балалықтық базары –*
*Көркем, кербез жерім туған –*
*Аққулардың мекені.*
*Еркелеткен еркін өмір –*
*Бақытымның желкені.*

*Раушан гүлдей сәби сезім*
*Шаттандырған жанымды.*
*Таң қалдырған бал мінезім,*
*Бауыр қылған маңымды.*
*Ертең ғана ержетем деп,*
*Аңсап тұрам таңымды,*
*Ата-анама мен еркелеп,*
*Шырқай берем әнімді*

***Қайырмасы:***

*Жайна, жайна жастық сәнім –*
*Қуаныштың белгісі.*
*Ойна, ойна, құрбыжаным,*
*Ай мен күннің үлгісі.*

## Балдәуренім-балалығым

*Сөзі: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Әні: Құрмет Сақай*

*Жеңіл, көңілді*




*Жерім бар ертегінің жұмағындай,*
*Елім бар нұр сәулелі шырағындай,*
*Сал-сері, батырлардың ұрпағымын*
*Жайқалған жасыл желек құрағындай.*

***Қайырмасы:***

*Балдәуренім, тәтті балдай,*
*Ата-анам жақсы қандай,*
*Еркін елім мәпелеген,*
*Ұланымын жазық маңдай.*

*Орындап ата-баба өсиетін,*
*Баламын жасы үлкенге бас иетін.*
*Паш етем ер жеткен соң бар әлемге,*
*Жаңғыртып нағыз қазақ қасиетін.*

***Қайырмасы:***

# Кең дала

*Сөзі: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Әні: Арман Ищанов*




*Тұлпар - заман мінгенім,*
*Сұңқар ұлмын Арқадан,*
*Болашақты еркіндік*
*Игеруге жар салам.,*
*Ауыздықпен алысып,*
*Шығам озып ортадан,*
*Жаңа ғасыр, елдікті*
*Жүйткіп желдей қарсы алам.*

***Қайырмасы:***
*Ее... ей!*
*Қарсы алам,*
*Жар салам,*
*Сұңқар ұлмын Арқадан!*

*Ұлан байтақ, кең далам,*
*Әлпештеген мен балаң*
*Керуен қып салтымды*
*Салтанатпен қозғалам,*
*Жарқыратар елдікті*
*Мендей ұлан бозбалаң,*
*Ата-бабам аруағы*
*Ұрпақтарын қолдаған!*

***Қайырмасы:***
*Ее... ей!*
*Мен балаң,*
*Бозбалаң,*
*Ата-баба қолдаған!*

*Жарқыраған сәулесі*
*Гүл - өмірім солмаған,*
*Қазағымның үлгісін*
*Өрнек қылып жалғаған,*
*Адамдық пен достықты,*
*Ән мен жыр ғып толғаған,*
*Ұрпақ үнін ел қостап,*
*Асқақтаған салған ән!*

***Қайырмасы:***
*Ее... ей!*
*Кен далам,*
*Толғанам,*
*Асқақтасын салған ән!*

# Бала көңіл, балғын шақ

***Сөзі: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Әні: Ерлан Ташев***




*Бала көңіл, балғын шақ*
*Көкжиекке жолды ашады.*
*Күн көзіндей жарқырар*
*Еркін елдік - болашақ.*

***Қайырмасы:***
*Еркелеп өскен ботамын,*
*Қазақстан Отаным,*
*Арманымын ансаған*
*Қасиетті атаның*

*Еркіндікке көшті өмір,*
*Дала көңіл, дос көңіл.*
*Қанатымен достықтың*
*Елдің жүгі - көш жеңіл.*

***Қайырмасы:***

*Ұланымын даланың,*
*Сенімі ата-ананың,*
*Құшағым кең жерімдей,*
*Мен бауырмал баламын*

***Қайырмасы:***

# Достарым

*Сөзі: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Әні: Ерлан Ташев*

*Көңілді, шалқыта*




*Аспанда айдай нұр төккен,*
*Күніндей көктем гүл сепкен,*
*Достарым менің кайдасық,*
*Жаныма шуақ сыр шерткен?!*

***Қайырмасы:***
*Күлімдеткен, сырын шерткен,*
*нұрын төккен,*
*Күніндей көктем гүл сепкен,*
*сырын шерткен,*
*Достарым менің, қайдасың?7*

*Достарым. менің, нәзігім,*
*Өмірде алтын қазығым,*
*Білдірмес қысқа тірлікті,*
*Сыйластық мәңгі азығым.*

***Қайырмасы:***

*Күлімдеткен, сырын шерткен,*
*нұрын төккен,*
*Күніндей көктем гүл сепкен,*
*сырын шерткен,*
*Достарым, қайран, аман жүр*

*Налысам өмір - тірліктен,*
*Айнымас жандар бірліктен,*
*Достарым, қайран, аман жүр,*
*Арманды аскақ өрбіткен.*

***Қайырмасы:***

*Күлімдеткен, сырын шерткен,*
*нұрын төккен,*
*Күніндей көктем гүл сепкен,*
*сырын шерткен,*
*Достарым, менің нәзігім.*

# Балақаны елімнің

*Сөзі: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Әні: Арман Ищанов*




*Мирасқоры атаның,*
*Ақ тілегі батаның,*
*Еркіндіктің еркесі-*
*Мен бақытты ботамын.*

***Қайырмасы:***

*Балақаны елдегі,*
*Балапаны көлдегі,*
*Аялаған алақан*
*Ата-ананың өрнегі,*
*Жарқыраған жұлдыздай,*
*Түс кигіздей төрдегі –*
*Еркіндіктің ақ құсы*
*Ақ қанатын сермеді.*

*Ақ сүтінен ананың,*
*Самалынан даланың*
*Нәр алған мен ұланы*
*Елдік, ерлік сананың.*

***Қайырмасы:***

*Ұлттың тәтті жыр - әні,*
*Ана тілдің тұрағы,*
*Бейбіт, достық көңілі –*
*Әлемге айтар ұраны*

***Қайырмасы:***

## Наурыз-көктем-қыз бағы

***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***

***Еркелете, наздана***




*Наурыз-көктем - жыл басы,*
*Елдігімнің сырласы,*
*Шешіп қыстың көрпесін,*
*Аймалаған қыр басын.*
*Айналайын, халайық,*
*Құтты болсын жаңа жыл,*
*Көктем таққан сырғасын.*

*Наурыз-көктем - қыз бағы;*
*Гүлденгендей қыздарым,*
*Жібіткендей жүректің*
*Қыстан қалған ызғарын*
*Айналайын, қыздарым,*
*Еріткендей жүректің*
*Түбіндегі мұздарын.*

*Наурыз-көктем - нұр-иман,*
*Құшағына гүл жиған.*
*Адамзатқа жарқырап,*
*Күннің көзі нұр құйған.*
*Айналайын, қыздарым,*
*Жүрегінен ән құйған,*
*Аялаған бұл Иран.*

## Қарсақ

***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***

***Шалқыта сезіммен***




*Жыланды таудың бауыры,*
*Шағалалы өзен сауыры.*
*Бастаған жаңа дәуірін*
*Қарсағым – дархан ауылым.*

*Балуаны елдің сүйгені,*
*Қарсақтан ішік кигені,*
*Белдескен жанды шыдатпай*
*Жауырыны жерге тимеді.*

*Таралып елге осы аңыз,*
*Атанды Қарсақ жотамыз.*
*Ауылым – алтын бесігім,*
*Мекені қазақ атамыз.*

*Ауылым – елдік қамалым,*
*Сергітер бойды самалың.*
*Үлгісін ата жалғаған*
*Қарсақтық досым Аманым.*

*Қамқоршы елге ақылы,*
*Тірегі, басшы, жақыны,*
*Ауылдан шыққан ер тұлға*
*Ерболдай аудан әкімі.*

*Сүтіндей ана берер нәр,*
*Өшпесін оты ауылдар*
*Ауылды құшып жырымен*
*Тербеткен әнмен Иран Сал.*

## Дос көңілі

*(Аман Абиловке арнаймын)*

***Асықпай, сезімге беріле*** — ***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***




*Дос көңілі – жүрегімнің шырағы,*
*Шабытымның алып ұшар пырағы.*
*Досым барда ойым өрлеп аспанға,*
*Әнім шалқып сауық-сайран құрады.*

***Қайырмасы:***

*Аманым, Аманым – ерлігім,*
*Ақ көңіл, ақ қөңіл серілігім,*
*Жарқ етер алдымнан*
*Көкшенің тұлғасы,*
*Жан жолдас, сырласым,*
*Көкшедей өрлігің.*

*Дос көңілі - өзен тынбай ағатын,*
*Бас қосқанда кең арнасын табатын,*
*Ғашықтығым өмірге артып, шаттанып,*
*Байқатпайтын тық-тық еткен сағатын.*

***Қайырмасы:***

*Дос қөңілі – қайғырғанда тірегім,*
*Жігер қосар күш-қуатым, білегім.*
*Доссыз өмір жапырақсыз ағаштай*
*Келтірмейді адамдықтың іреңін*

***Қайырмасы:***

*Достар, достар, қалдырмайтын көңілді,*
*Дос көңілмен өткізейік өмірді.*
*Еркін елдік күйім тербеп адамды,*
*Достық әуен керней берсін көгімді.*

***Қайырмасы:***

# Құмарым

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Сейтен Сауытбеков*




*Күмбірлетіп қолыма домбыра алып,*
*Әміреше әндерді шырқай салып.*
*Мың бұралып, бұлбұлша сайрайыншы,*
*Бәрекелді! Рахмет! - десін халық.*

***Қайырмасы:***
*Әнмен өмір арайлы,*
*Халық соны қалайды.*
*Ха лә лә лә ...*

*Мұқанға ұқсап бармағым майман қағып,*
*Ән қанаты астына маржан тағып,*
*Бар аспапты сайратып сөйлетсем кеп,*
*Тыңдамайды дүние мені нағып?*

***Қайырмасы:***
*Әнмен өмір аяулы,*
*Болмас көңіл қаяулы.*
*Ха лә лә лә ...*

# Мәдинаның аужары

*Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*

*Еркелете, сезіммен*




*Балалық балдай - бал дәурен,*
*Жайнаған жастық - сал дәурен,*
*Аруға бүгін ұзатқан*
*Басталар енді қай дәурен?!*

***Қайырмасы:*** *Е-ей! Аужарым! Аужарым!*
*Басталар енді қай дәурен?!*

*Аймалап сүйген әке деп,*
*Алыстап кетер панадан,*
*Ақ сүтін берген мәпелеп*
*Алыстап кетер анадан.*

***Қайырмасы:*** *Е-ей! Аужарым! Аужарым!*
*Алыстап кетер анадан!*

*Ағалар күткен гүл еді,*
*Үйінде бұлбұл үні еді,*
*Алыстап кетер ағалар,*
*Сағынып енді жүреді*

***Қайырмасы:*** *Е-ей! Аужарым! Аужарым!*
*Сағынып енді жүреді!*

*Әжелер аппақ, аталар!*
*Сіздерден жастар бата алар.*
*Ақ бата - тілек көлінен*
*Ақ отау – сәні басталар.*

***Қайырмасы:*** *Е-ей! Аужарым! Аужарым!*
*Ақ отау сәні басталар.*

## Қыз ұзату

***Ойнақы, шалқыта*** ***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***




*Ата-ана әлпештеген күн мен айы,*
*Қадамын кызықтаған өскен сайын.*
*Тұрмысқа шығып жатыр ұзатылып*
*Сүйікті бәрімізге қызым Айым.*

***Қайырмасы:***
*Қызым Айым,*
*Күн мен айым,*
*Алдыңнан жарылқасын*
*Айналайын.*

*Тіріліп қолын жайып аталарың,*
*Бергендей ақ жол тілеп баталарын,*
*Еміреніп бозінгендей әжелерің,*
*Құшақтап, құттықтайды боталарын.*

***Қайырмасы:***

*Ата-ана алға тосып дәмін, асын,*
*Жасырамай қуаныштан көздің жасын,*
*Алдыңнан бағың жансын деп құшады*
*Ұядан ұшқан алғаш қарлығашын.*

***Қайырмасы:***

*Жаңа өмір сәні келді, таңы атып,*
*Тілейді Көкше жұрты саған бақыт.*
*Жарқырап қосағыңмен барған жерде,*
*Келін бол судай сіңіп, тастай батып*

***Қайырмасы:***

*Көкшетау қыз ұзатып сайран құрды,*
*Атадан жалғастырып асыл нұрды.*
*Мың жылдық құдаларға тапсырамыз*
*Аялап, мәпелеген қызыл гүлді.*

***Қайырмасы:***

# *Жан жарымсың аңсаған*

***Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Сөзі: Сансызбай Алпысбайұлы***

***Терең ойлы, мұңмен***




*Таң атып күн батқанда ойға түсем,*
*Шіркін-ай, Галяжаным, бір көрінсең.*
*Білемін қайтпайсың сен мәңгіліктен,*
*мәңгіліктен,*
*Сонда да ойымдасың қайда жүрсем,*
*Сонда да ойымдасың қайда жүрсем.*

***Қайырмасы:*** *Өткен сайын жаныңнан,*
*Жан дүнием қақсаған.*
*Жалын атып қанымнан*
*Жан жарыңмын аңсаған,*
*Жан жарыңмын аңсаған.*

*Не жетсін арамызда жүргеніңе,*
*Тоймайтын бір жымиып күлгеніңе.*
*Еске алам өмірімді сайрандаған,*
*сайрандаған,*
*Тәубе етем ұл – қызымды бергеніңе,*
*Тәубе етем ұл – қызымды бергеніңе*

***Қайырмасы:***

*Осылай жүрмін түсіп терең ойға,*
*Біразы іштегінің сыймай бойға.*
*Сүйеуші туыстарым, жанашырлар,*
*жанашырлар,*
*Бұйырсын айтқандарың бәрі тойға,*
*Бұйырсын айтқандарың бәрі тойға,*

**Қайырмасы:**

## Ана

***Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Сөзі: Маркус Саринжіп***

***Сезіммен, шалқыта***




*Ұйқысын түнде төрт бөліп,*
*Өсірді анам мәпелеп,*
*Шуағын төгіп еркелік,*
*Бастырды тәй-тәй жетелеп.*

***Қайырмасы:***

*Ей.........й! Анажан,*
*Ақ таңым, арым,*
*Мәңгілік нәрім,*
*Ақ сүтің бойға тараған.*
*Ақ таңым, арым,*
*Мәңгілік нәрім,*
*Ақ сүтің бойға тараған.*

*Естімей ертек жатпадым,*
*Әлдиін ана жаттадым.*
*Ақ сүті ана, ақ нәрі*
*Шырыным балдай татқаным.*

***Қайырмасы:***

*Біліммен елге жарқыра –*
*Сөзі айтқан ана-өсиет, –-*
*Қызмет етсең халқыңа*
*Бұл нағыз ұлдық қасиет.*

***Кайырмасы:***

# Қарқаралы

Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы
Сөзі: Хасен Саринжіпұлы

Ойлы, тебірене




*«Атыңнан айналайын, Қарқаралы,*
*Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады»-*
*Деп Мәди ерте күнде күңіренсе,*
*Бүгінгі ақын шалқып жар салады.*
*Құтты жер, тауың-орман, далаң-шалғын,*
*Жайылған ен жайлауға малың-балғын.*
*Қалаңа аз күн қонақ бола жатып,*
*Көркіңнен естен кетпес баһар алдым.*
*Жер бар ма көркемдігі сенен өткен,*
*Табиғат сұлулығын мол қып төккен?!*
*Сағынып исі аңқыған жұпарыңды,*
*Ынтығып жүруші едім мен де көптен.*
*Бір кезде мектебіңнен алдым білім,*
*Онда мен сайрандаған жастық күнім.*
*Көргенде берекелі байлығыңды,*
*Шаттанып шалқи түсті қарттық үнім.*
*Шекердей суың мөлдір бал татыған,*
*Гүлдерден самал-жұпар исі аңқыған.*
*Байлық пен әсемдіктің бәрі сенде,*
*Айналаң қалың совхоз құт шалқыған.*
*Мың-мыңнан өрген малы берекелі,*
*Бұл күнде атанып сың совхоз елі.*

*Көсілген көк жиекке егін шалқып,*
*Мені де қызықтыра жетеледі.*
*Мектебің дайындайды мамандарды,*
*Қажымас қайратты жас адамдарды.*
*Еліне өз үлесін қосу үшін,*
*Әр жерге «Зовет» болып балаң барды.*
*Жас шағым сенде шалқып өтті менің,*
*Қызметпен сыртқа шеттеп кетіп едім.*
*Келгенде 60 жасқа тағы көрдім,*
*Сайыңда бір сайрандау боп тілегім.*

# Болашағым-бақытым

*Сөзі: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Әні: Ерлан Ташев*

*Көңілді*




*Мен даламның қызғалдағы, гүлі,*
*Еркін өсіп жайнаған.*
*Мен елімнің жарқыраған нұры,*
*Болашаққа бойлаған.*
*Отанымның асқақтаған жыры,*
*Қуанышын тойлаған.*
*Жастық шақтың жалындаған сыры,*
*Би билеген, ойнаған.*

***Қайырмасы:***

*Биле, биле, жан досым,*
*Көңілдерге күй толсын.*
*Қонған бақыт басымыздан тайма,*
*Бізге ашық жол болсын.*

*Аталардың, әжелердің әні,*
*Бесігін ел тербеген.*
*Еркіндіктің, арайланған таңы,*
*Қауышады елменен.*
*Жаңа ғасыр жалтылдаған сәні,*
*Қолдау тауып төрлеген.*
*Сырласуға құмар нәзік жаным,*
*Өнер қуып өрлеген.*

***Қайырмасы:***

## Нағашы

***Сөзі: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Әні: Арман Ищанов***

***Көңілді***



*Қазағымның елінде,*
*Қасиетті жерінде*
*Нағашыны сыйлаған*
*Дәрежелі төрінде.*
*Шығып адам бағынан,*
*Жаралғандай арынан,*
*Жақсы мінез жиенге*
*Нағашыдан дарыған.*

*Нағашы ел түлегі,*
*Ел деп соғар жүрегі,*
*Жанашыры адамның,*
*Ағайынның тірегі,*
*Жанасқанмен табысып,*
*Жанға тарта біледі.*
*Нағашының жиенге*
*Анасындай тілегі*

***Қайырмасы:***

*Нағашы, нағашы,*
*Нағашы – ел ағасы.*
*Жақсы көрген жиенге*
*Алтыннан да салмақты,*
*Асылдан да ардақты*
*Нағашының бағасы.*
*Е...ей! Нағашы!*

## Ардагер

**Сөзі: Тасқара Иран Тасқараұлы**
**Әні: Арман Ищанов**

***Көңілді, жігерлі***




*Елімнің ел ағасы, ардагері,*
*Бабалар ерлігінің мұрагері,*
*Аялап ұрпақтарын мәпелеген*
*Қырандай шыңға қонған қырағы ері.*

***Қайырмасы:***

*Туған күн – мерекең,*
*Ақ тілек – берекең.*
*Көкшетау көгілдір*
*Думанды ел екен*

*Қан майдан жорықтарда от-су кешіп,*
*Кеудесін елі үшін оққа тосып,*
*Оралған бейбіт өмір еңбегіне*
*Халқына қамқорлығы желдей есіп.*

***Қайырмасы:***

*Көркейткен шаңырақты асыл ата,*
*Тебіреніп ұрпақтарға берген бата*
*Бас иіп ерлігіне, еңбегіне*
*Қосайық әнге атаны асқақтата.*

***Қайырмасы:***

## Баянғали

***Шалқыта*** ***Сөзі, әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***



*Көкшенің шарықтатқан атын бүгін*
*Кешегі Біржан Салдай ақындығың.*
*Құттықтап мерейтоймен, Баянғали,*
*Әндетсем білінеді жақындығым.*

***Қайырмасы:***

*Алдында топтың алқалы*
*Төге бер жырды арқалы,*
*Туған елім Көкшетау*
*Біздерге сенім артады.*

*Көршімсің, інімдейсің құдай қосқан,*
*Ақ ниет сыйластықпен араласқан.*
*Сенен жыр, менен әндер шалқи берсін*
*Еркіндік алған елдің көңілін ашқан.*

***Қайырмасы:***

*Өнерді серік қылып бала жастан*
*Тарихта қалады енді ізің басқан.*
*Кешегі сал-серілір жалғасысың*
*Бүгінгі ұрпақтарға нұрды шашқан.*

***Қайырмасы:***

*Жазушы, драматург ұшқыр қалам,*
*Белгілі Қазақстан елге бағаң.*
*Өнерің өрістеген өрден түспей*
*Ұрпаққа мұра болсын – тілегі ағаң.*

***Қайырмасы:***

# Бала сағынышы

*Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы*
*Сөзі: Маркус Саринжіп*

*Тебірене, шалқыта*




*Сағындым әке өзіңді,*
*Күлімдеп айтқан сөзіңді,*
*Нұрындай көктем жүзіңді,*
*Аймалап құшқан, аймалап құшқан көзіңді.*

***Қайырмасы:***
*Ее...ей! Сағындым елді,*
*Сағындым жерді,*
*Сағындым ата қонысын.*
*Сені аңсап келдім,*
*Ән-жырды өрдім,*
*Әкежаным, сен үшін.*

*Атыңды ұстаз атақты,*
*Есінде елің сақтапты.*
*Жүректен шыққан білімің*
*Ойында шәкірт, ойында шәкірт от жақты.*

***Қайырмасы:***

*Ойлаған қамын елінің,*
*Ұлының ақтап сенімін,*
*Беріпті мектеп, көшеге*
*Есімін сендей, есімін сендей ерінің.*

***Қайырмасы:***

## Ақан Серінің мысалдары

*(терме)*

***Әні: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Сөзі: Ақан Сері***

***Нақыштап, ойлы сезіммен***




*Ақ қаудың астығы жоқ шайнағанмен,*
*Құр тілдің пайдасы жоқ сайрағанмен.*
*Көнбейді жаман адам ынтымаққа,*
*Жүрмейді шошқа жөнге айдағанмен.*
*Алтынды орағанмен жез болмайды,*
*Жібекті жуғанменен бөз болмайды.*
*Мысалы әр нәрсенің бәрі сондай,*
*Жаманның көкірегінде көз болмайды.*

*Хас тұлпар дүбір шықса шыдамайды*
*Тас қылып төрт аяғын байласаң да,*
*Жатпайды болат пышақ қын түбінде,*
*Өтпейді жасық темір қайрасаң да.*

*Шірімес алтын жерде жатқанменен,*
*Оқ өтпес ажалсызға атқанменен,*
*Жалқауға сөз, жаманға таяқ өтпес,*
*Тас жібімес дәрияға батқанменен.*

*Ит қызыл болғанменен түлкі болмас,*
*Ойнақтап сыйыр үркіп жылқы болмас.*
*Ежелден дәулет екен елдің көркі,*
*Дәулетсіз ел болса да көркі болмас*
*Жақсыға дәулет бітсе бақ айналар,*
*Жаманға дәулет бітсе әуейленер.*
*Басына ер жігіттің бір іс түссе*
*Арасы қас пен достың абайланар.*

*Жабыға тоқым салма жалы бар деп,*
*Жаманға басыңды име малы бар деп.*
*Жануар деп сыйлайды әрбір малды,*
*Шошқаны кім сыйлайды жануар деп.*
*Сауысқан шықылықтап сұңқар болмас,*
*Мәстекті мақтағанмен тұлпар болмас.*
*Кей жаман малы болса әкім болар*
*Халық та сол жаманға іңкәр болмас.*

*Сауған мен жалғыз сыйыр іркіт болмас,*
*Өнерді бойға біткен іркіп болмас.*
*Мысалы әр нәрсенің бәрі сондай,*
*Саңқылдап күшіген құс бүркіт болмас*
*Су шықпас қазғанменен тау басынан,*
*Қазақтың дау кетпейді сау басынан.*
*Жолдасыңа сырыңды айтқан жау боп шықса,*
*Ер жігіт жаңылмай ма тәубасынан.*

*Көкқұтан мойнын созып қаз болмайды,*
*Шөлқұмайт көк шалғынды саз болмайды.*
*Пасықтың пиғылы лас қараңғылық,*
*Тұрса да шілде туып жаз болмайды.*
*Жиылып қарға, құзғын шулағанмен,*
*Артылып қалыбынан мәз болмайды.*
*Жамандар жауда жәрдем бермек түгіл,*
*Тар жерде басын бақса аз болмайды.*

*Жігіттің көз тоқтаттық қандайына,*
*Шешеннің тәңірім берген таңдайына,*
*Батырдың қайрат берген жүрегіне,*
*Малдының ырыс берген маңдайына*
*Ит үрер жақсыға да, жаманға да.*
*Сары алтын жамандаумен жез болмайды.*
*Бұйығып дүзге шықса бұққан ерлер,*
*Еліріп от басында ез болмайды.*

*Әркімнің өзіне лайық қалыбы бар,*
*Пасықтан ластық мінез тез қалмайды.*
*Жақсының өзі өлсе де сөзі өлмейді,*
*Жаманнан үлгі аларлық сөз қалмайды.*
*Ер пайдасы тиеді сасқан жерде,*
*Ел жаңылып, етегін басқан жерде,*
*Жаманға жазатайым ісің түссе,*
*Жабысып қалады екен аспан жерге.*

*Тар жерде қолдың ұшын бергенді айтшы,*
*Екінің бірі мырза тасқан жерде.*
*Жамандар көреалмаған қылады өсек*
*Лайық заманында асқан ерге.*
*Дәулетің барда досың толып жатыр,*
*Тауық көп тары, бидай шашқан жерде.*
*Басыңа қиын-қыстау іс түскенде*
*Білерсің досың қалмай қашқан жерде.*

*Жігітті шешенсінген дауда сына,*
*Мақтаған қыран құсты ауда сына.*
*Қарны тоқта әркім-ақ үйде батыр,*
*Жігітті батырсынған жауда сына.*
*Білінер жер жақсысы қыс келгенде,*
*Көрінер көлдің көркі құс келгенде.*
*Кімнің алыс-жақыны сонда ашылар,*
*Басыңа қиын-қыстау іс келгенде.*

*Би болмас белін жуан буғанменен,*
*Тазармас заты жаман жуғанменен.*
*Әртүрлі әр адамның сипаты бар*
*Бір ата, бір анадан туғанменен.*

*Қаршығa әлсіз болса қаз алмайды,*
*Ер жігіт малсыз құлаш жаза алмайды.*
*Бұл дүние жұртты алдаған бейне - базар,*
*Әр адам өз әлінше базарлайды.*

## Жаңадәуір

**Әні: Тасқара Ирен Тасқараұлы**
**Сөзі: Елеусіз Мұтәллапұлы**

**Сезіммен шалқыта**




*Атыңнан айналайын, Жаңадәуір,*
*Тербеткен бесігімді самалы ауыл.*
*Жүр ме деп елеңдеймін есен-аман*
*Ауылдас бірге өскен асыл бауыр.*

***Қайырмасы:***

*Еей! Жаңадәуір, Жаңадәуір!*
*Әкем құрған кешегі ауыл,*
*Бүгін жарқын жаңа қауым,*
*Жаңадәуір, Жаңадәуір!*

*Жайқалған даласында алтын дәнім,*
*Еңбекпен арайланған атқан таңым,*
*Тұрады әлі күнге қуат беріп*
*Шырқалған құшағында жастық әнім!*

***Қайырмасы:***

*Кіндігін қазағымның кескен ауыл,*
*Ұрпағын тәрбиелеп өскен ауыл,*
*Құрдымға кетесің бе сен де бір күн.*
*Еріңе елес болып, Жаңадәуір*

***Қайырмасы:***

*Басыңнан өтті талай толқын, дәуір,*
*Қылды ма жұлқылаумен заман жауыр?!*
*Сақталған ерлігі әке, бірлігі ел,*
*Тамырың мықты болсын, Жаңадәуір!*

# Сарбұлақ

*(күй)*

***Авторы: Тасқара Иран Тасқараұлы***
***Нотаға түсірген: Әсет Дәненов***

***Жігерлі, шалқыта***





## *Мазмұны*


***Дәстүрлі қазақ әні және оны шығару, орындау туралы өз ойларым*** ..................... 5

***Сағыныш.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Мағжан Жұмабаевтікі* ........................... 9

***Жұлдызды жүзік, айды алқа қып берейін***
*Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Мағжан Жұмабаевтікі* ........................... 12

***Сүй, жан сәулем.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Мағжан Жұмабаевтікі* ............... 14

***Көкше жолы.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ............................................................ 15

***Мен келдім Көкшеге.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ............................................. 17

***Көкше вальсі.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........................................................... 19

***Семсері қазақ мұқалмас.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ....................................... 22

***Біржан Сал.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ............................................................. 24

***Иран Сал.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ................................................................. 25

***Мұсаның әні.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Мұса Асайыновтікі* ......................... 26

***Сағындым.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Сәкен Сейфуллиндікі* ........................... 28

***Жүрек сыры.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ............................................................. 31

***Бөркің-ай.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Кәкімбек Салықовтікі* ............................ 34

***Асатовтың нақылы.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Садық Асатовтікі* ................ 35

***Сағыныш.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі: Кәкімбек Салықовтікі* ........................... 37

***Әнасқақ.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ..................................................................... 38

***Ана тілі.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Ғафу Қайырбековтікі* .............................. 39

***Мұсылманның әні.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Рахым Бекмурзиндікі* ............... 41

***Қорғалжын.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ................................................................ 42

***Ақсу-Аюлы вальсі.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Маркус Саринжіптікі* ............... 44

***Ерейментау.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ............................................................... 45

***Үкілі Ыбырай қайда жатыр екен?.***
*Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Кәкімбек Салықовтікі* ........................... 47

***Үкілі Ыбырайдың соңғы әні.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Үкілі Ыбырайдікі* ......... 48

***Бір мін бар.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Кәкімбек Салықовтікі* .......................... 50

***Еркін әнші.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ................................................................. 51

***Жез киік.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Кәкімбек Салықовтікі* ............................. 53

***Желқызылы Аққөлдің.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Жайық Бектұровтікі* ........... 55

***Жетпіс бес.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ................................................................ 56

***Өмір-өлім.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Мағжан Жұмабаевтікі* ........................... 57

***Абылайханның 300 жылдығына арналған ән («Тәуелсіздік көк туы»).***
*Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ...... 59

***Өргелі.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Рақым Бекмурзиндікі* .................................. 61

***Азамат.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........................................................................ 62

***Жаса, Көкшетау.*** *Сөзі Иран Тасқараұлынікі, әні Ерлан Ташевтікі* ......................... 63

***Ән бесігім, Көкшетау.***
*Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Тыныштық Шәменовтікі* ................. 65

***Келші, жаным.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *66*
***Құлагердің басында.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *67*
***Анама.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *68*
***Ерлан зары.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *69*
***Екі ұстаз қыз.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *70*
***Елге бар.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *71*
***Қызыма.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *74*
***Жанарым.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *75*
***Бөбегім Ақмаралым.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *76*
***Замандас.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *77*
***Тәуелсіздік шаттығы.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *78*
***Гүлнәрім.*** *Әні Иран Тасқарауылынікі, сөзі Маркус Саринжіптікі* ........ *79*
***Ғашықтық.*** *Әні Иран Тасқарауылынікі, сөзі Бейімбет Майлиндікі* ........ *81*
***Құдалар.*** *Әні Иран Тасқарауылынікі, сөзі Кәкімбек Салықовтікі* ........ *82*
***Ән-тілек.*** *Әні Иран Тасқарауылынікі, сөзі Тұманбай Молдағалиевтікі* ........ *83*
***Өсиет.*** *Әні Иран Тасқарауылынікі, сөзі Кәкімбек Салықовтікі* ........ *84*
***Жанбота.*** *Әні Иран Тасқарауылынікі, сөзі Кәкімбек Салықовтікі* ........ *85*
***Бұл өмірдің қызығы.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *86*
***Жалған.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *87*
***Украина золота.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *88*
***Сарбұлақ.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *89*
***Інілерім.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *90*
***Арқаның Ақжары.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *92*
***Айыртауым.*** *Әні Иран Тасқарауылынікі, сөзі Бақыт Әбділманованікі* ........ *93*
***Елебайдың Ержаны.*** *Әні Иран Тасқарауылынікі, сөзі Ержан Елебаевтікі* ........ *95*
***Кең жайлау Қызылтуым.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *96*
***Песня встречи горняков.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *98*
***Наурыз вальсы.*** *Әні Иран Тасқарауылынікі, сөзі Бақыт Әбділманованікі* ........ *99*
***Есіңде ме, құрбыжан.*** *Әні Иран Тасқарауылынікі, сөзі Бақыт Әбділманованікі* ........ *100*
***Жаңа ғасыр-жиырма бір.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *102*
***Ақ қыздар.*** *Әні Иран Тасқарауылынікі, сөзі Мұқағали Мақатаевтікі* ........ *103*
***Әжелер әні.*** *Әні Иран Тасқарауылынікі, сөзі Бақыт Әбділманованікі* ........ *104*
***Толқын.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *105*
***Аңса жаным.*** *Әні Иран Тасқарауылынікі, сөзі Мұқағали Мақатаевтікі* ........ *106*
***Жастық.*** *Әні Иран Тасқарауылынікі, сөзі Шәкәрім Құдайбердіұлынікі* ........ *107*
***Хор сипатты қарындас***
*Әні Иран Тасқарауылынікі, сөзі Мағжан Жұмабаевтікі* ........ *109*
***Батыр Мәлік.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *109*
***Ақтоқты-Балқадиша ұрпағының әні.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *111*
***Кербез Көкше Көкені.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *112*
***Көктем келді Көкшеге.*** *Сөзі, әні Иран Тасқарауылынікі* ........ *113*
***Көкшеге кел.*** *Әні Иран Тасқарауылынікі, сөзі Айдос Әбутәліповтікі* ........ *114*





***Мектебім.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 116
***Ән Сәуле.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Төлеген Қажыбаевтікі* ........ 119
***Сыр.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Төлеген Қажыбаевтікі* ........ 120
***Ел шетінде.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 121
***Елді аңсау.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Қуанышбек Оразалиновтікі* ........ 122
***Саған Отан өнерім.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 123
***Мен бақытты баламын.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 124
***Әке қуанышы.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 126
***Мына жалған.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 128
***Айналайын.*** *Сөзі Иран Тасқараұлынікі, әні Арман Ищановтікі* ........ 129
***Қазақстан елім менің.*** *Сөзі Иран Тасқараұлынікі, әні Ерлан Ташевтікі* ........ 130
***Арқаның аруы.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 132
***Балбөбек.*** *Сөзі Иран Тасқараұлынікі, әні Арман Ищановтікі* ........ 135
***Дамираның ұзатылуына.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 136
***Еркіндіктің әнұраны.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Қасымбек Бейсеновтікі* ........ 138
***Астана.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 139
***Ақмола-Көкше.*** *Сөзі Иран Тасқараұлынікі, әні Арман Ищановтікі* ........ 141
***Біржан сал еліне.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Айдос Әбутәліповтікі* ........ 142
***Бурабай – Көкше.*** *Сөзі Иран Тасқараұлынікі, әні Арман Ищановтікі* ........ 144
***Біржан, Ақан.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 146
***Әнім менің.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 149
***Ақ орда – бәйтерегім.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 150
***Тұсау кесер.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 151
***Ертісте туған ерке қыз***
*Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Кәкімбек Салықовтікі* ........ 152
***Қазағым қайда барасың?*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 154
***Абаймен сырласу.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 156
***Кеншілер кездесуі.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 158
***Алтын той.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 160
***Сарыарқа сағынышы.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 161
***Кеншілер кездесу вальсі.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Маркус Саринжіптікі* ........ 163
***Қазақтың жезкиігі.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ........ 164
***Баянауыл.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Шәмшия Айтжанованікі* ........ 166
***Не жетсін өмір сүргенге***
*Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Мұқағали Мақатаевтікі* ........ 167
***Жайсаң.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі: Кенен Әзірбаевтікі* ........ 169
***Естідім.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Сейтен Сауытбековтікі* ........ 171
***Сәби сезім.*** *Сөзі Иран Тасқараұлынікі, әні Ерлан Ташевтікі..* ........ 172
***Балдәуренім - балалығым.*** *Сөзі Иран Тасқараұлынікі, әні Құрмет Сақайдікі* ........ 173
***Кең дала.*** *Сөзі Иран Тасқараұлынікі, әні Арман Ищановтікі* ........ 174
***Бала көңіл, балғын шақ.*** *Сөзі Иран Тасқараұлынікі, әні Ерлан Ташевтікі* ........ 176

***Достарым.*** *Сөзі Иран Тасқараұлынікі, әні Ерлан Ташевтікі* ..... *177*

***Балақаны елімнің.*** *Сөзі Иран Тасқараұлынікі, әні Арман Ищановтікі* ..... *179*

***Наурыз – көктем – қыз бағы.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ..... *180*

***Қарсақ*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ..... *181*

***Дос көңілі.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ..... *182*

***Құмарым.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Сейтен Сауытбековтікі* ..... *184*

***Мәдинаның аужары.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ..... *185*

***Қыз ұзату.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ..... *186*

***Жан жарымсың аңсаған***
*Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Сансызбай Алпысбайұлынікі* ..... *188*

***Ана.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Маркус Саринжіптікі* ..... *189*

***Қарқаралы.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Хасен Саринжіптікі* ..... *191*

***Болашағым – бақытым.*** *Сөзі Иран Тасқараұлынікі, әні Ерлан Ташевтікі* ..... *193*

***Нағашы.*** *Сөзі Иран Тасқараұлынікі, әні Арман Ищановтікі* ..... *194*

***Ардагер.*** *Сөзі Иран Тасқараұлынікі, әні Арман Ищановтікі* ..... *195*

***Баянғали.*** *Сөзі, әні Иран Тасқараұлынікі* ..... *196*

***Бала сағынышы.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Маркус Саринжіптікі* ..... *198*

***Ақан серінің мысалдары.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Ақан Серінікі* ..... *199*

***Жаңадәуір.*** *Әні Иран Тасқараұлынікі, сөзі Елеусіз Мұтәллапұлынікі*..... *202*

***Сарбулақ (күй).*** *Авторы Иран Тасқараұлы* ..... *204*

*Тасқара Иран Тасқараұлы*

# ИРАН САЛ ӘНДЕРІ

*Редактор: Такенова Малика*
*Бет қаттаушы: Ильяшева Гүлжамал*

Подписано в печать 22.02.2014 г.
Офсетная печать. Гарнитура «Times New Roman».
Тираж 500 экз. Заказ №29. Цена договорная.

Отпечатано в типографии ИП «Изотов С.В.»
020000. Г.Кокшетау, ул.Канай-би, 37.
Тел.: 33-61-88, 26-30-67

800-

300-